



www.jasqazaq.kz

vk.com.jasqazaq

Jasqazaq

Жас қазақ

JAS QAZAQ

ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ, ТАНЫМДЫҚ, АҚПАРАТТЫҚ-САРАПТАМАЛЫҚ ЖАСТАР АПТАЛЫҚ ГАЗЕТІ

Газет
2005 жылдың
7 қаңтарынан
шыға бастады

№39

(923)

14 қазан

2022 жыл

ДИАЛОГ АЛАҢЫ

АЗИЯ ҒАСЫРЫ



2002 жылы жазда Алматыда алқалы жиын өтті. Алғашқы Саммитке алыс-жақын мемлекеттердің басшылары келді. Тілші ретінде басқосуға біз де барғанбыз. Халықаралық форумның атауы сол тұста жалпақ жұртқа тосындау көрінеді. Азиядағы өзара ықпалдастық және сенім шаралары жөніндегі кеңес (АӨСШҚ). Қазақстанның төл бастамасымен дүниеге келген. Мақсаты – шиеленіс пен текетірістен көз ашпаған алып құрлықта қауіпсіздік пен тұрақтылықты баянды етуге ықпал ету. Мұндай

идеяны одан он жыл бұрын (1992) Біріккен Ұлттар Ұйымының мінберінен Тұңғыш Президент Нұрсұлтан Назарбаев ортаға тастаған еді. Ал бастаманың құрлықтағы салмақты да салиқалы диалог алаңы болып қалыптасуына, әлемнің түкпір-түкпіріндегі ықпалды мемлекеттердің форум жұмысына белсенді түрде атсалысуына танымал дипломат, сол кездегі сыртқы істер министрі Қасым-Жомарт Тоқаевтың сіңірген еңбегі ерөн.

(Жалғасы 2-бетте)

БІЗДІҢ СҰХБАТ

Естеріңізде болса, қазақ ертегілерінде бір ерекше бала дүниеге келіп, оның күн санап, ай санап өсе бастайтыны бар еді ғой. Ендеше елорданы да осылайша сипаттауға болады. 2001 жылы қаланың Бас жоспары бекітілгенде 2030 жылы шамамен онда 850 мың адам тұрады деп есептелген екен. 2010 жылы сол жоспар қайта қаралғанда жиырма жылдан кейін қала халқы 1 миллион 200 мыңға жетеді деп болжаныпты. Демографиялық дүмпу мен миграцияның күшті болғаны соншалықты, Астана бұл межені әлдеқашан артқа тастады. Астана қаласының әкімі Алтай Көлгіновпен бүгінгі сұхбатта елорданың ертеңі қандай болмақ, мегаполистің қарқынды дамуы мен халық өсімі оның инфрақұрылымы мен инженерлік желілеріне қаншалық салмақ салды деген сипаттағы сан түрлі сауалдарға жауап іздедік.

КЕЛЕШЕГІ КЕМЕЛ ҚАЛА



— Алтай Сейдірұлы, әңгімені Астанадағы стратегиялық объектілердің қазіргі жай-күйінен бастасак. Олар қаланың қарқынды дамуы мен халықтың өсуіне қаншалықты төтеп бере алуда?

— 2019 жылдың басында қалада 1 млн 30 мың адам тұрса, биылғы жылы бұл көрсеткіш 1 млн 330 мыңнан асты. Айналасы үш-төрт жылдың ішінде астаналықтардың саны 300 мың адамға өскен. Бұл дегеніміз — бір облыс орталығының халқы. Бұған келімді-кетімді қонақтарды, сырттан қатынап жұмыс істейтін адамдарды, туристерді қосып отырған жоқпын. Демек, олардың бәрін жылумен, сумен, жарықпен және көлікпен қамтамасыз етуіміз керек.

(Жалғасы 4-бетте)

ӘЛЕУМЕТ.т⁹

«ӨЛГЕНДЕР» ҚАЙТЫП КЕЛГЕНДЕ



«Сіз кеше қайтыс болғансыз». Иә-иә, қағыс естіген жоқсыз, ап-анық айтып отыр. Ақтөбе қаласының қарт тұрғыны басы ауырып, балтыры сыздаған соң емханаға бармай ма, медициналық анықтама алмаққа. Компьютеріне шұқшиған маман көзі алақандай болып, алдында отырған қарияға қарап «Сіз кеше 5 қазан күні күндізгі сағат 12-де өмірден өтіпсіз, біздің базаға солай тіркелген» депті.

(Жалғасы 3-бетте)

ЕСТЕЛІК-ЭССЕ

ЖҮЙРІК БАҚҚАН, БҮРКІТ САЛҒАН, ҚАСҚЫР АТҚАН

Жібергенімізді қайтейік, 280 шақырым жолда көліктің жүк салғышында, қаптың ішінде тұмшаланып жатқан тұлкіміз айнала аппақ жарықтан басы айналып қалды ма, біз ойлағандай орнынан безе жөнелген жоқ. Түлкі қашуы керек, құсбегілер бүркіттің томағасын сыпыруы тиіс... «Уф» дейміз, «фу» дейміз «қаш» дейміз, тіл алатын түлкі жоқ, тұрған орнынан тапжылар емес. Жүргізуші екеуіміз кейін шегініп қашып кетуге әрекет жасадық. «Қалалық түлкі» ізімізге түсіп, артымыздан ерді, қап-п...



(Бұл туралы 7-беттен оқыңыз)



БИРЖАМЕТР

МУНАЙ (brent)
94,75

DOLLAR
477

EURO
464

РУБЛЬ
7,05



kctv

80 ФИЛЬМ
300 МУЗЫКАЛЬНЫЙ АЛЬБОМ
7 СЕРИАЛ
25 КОЛЬТОНЛЫ



КИНО МЕН МУЗЫКА ӘЛЕМІ
СМАРТФОНЫҢЫЗДА

Қосымшаны жүктеп, E2, A320, A321
борттарында тамашалаңыз

air astana

COMMENT

Диалог алаңы

(Басы 1-бетте)

Рас, осы диалог алаңының келешегіне күмәнмен қарағандар, «ОБСЕ (Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымы) тұрғанда тағы бір ұйымның не керегі бар» деп теріс пиғыл танытқандар болды. Мұны жиын туралы жазуға келген кейбір шетелдік әріптестеріміздің құлықсыз қас-қабағынан да байқалық. Қалай десе де, форум күллі әлемге Азиядағы күрделі түйіндерді талқылап, оларды бейбіт жолмен шешу жолдарын ұсына алатынын паш етті. Әсіресе, алғашқы кездесуге бір-бірімен дұрдараз көршілер – Үндістан мен Пәкістан басшылары Атал Бихари Ваджаи мен Перуез Мұшаррафтың келіп, бір үстелдің басында тату тіршілік туралы сөз қозғауының өзі Қазақстанның мәмілетерлік саясаттағы үлкен жетістігі еді. Сондай-ақ Израиль мен Палестинаның Кенеске мүше болуы да халықаралық қоғамдастықтың ықыласын арттыра түседі.

Азиядағы өзара ықпалдастық және сенім шаралары жөніндегі кеңес бес іргелі бағытты қамтып отыр: әскери-саяси өзара іс-қимыл, жаңа қауіп-қатерлерге, соның



Азия Ғасыры

адами және табиғи ресурстарға ие. Әлемдегі ең ірі 30 қаланың 21-і Азияда орналасқан. 2030 жылға қарай орта таптың қажетіне жұмсалатын 30 триллион доллардың тек 1 триллион доллары Батыс экономикасына тиесілі болмақ. Дегенмен Азияның

Азиядағы өзара ықпалдастық және сенім шаралары жөніндегі кеңестің трансформациясы туралы Астана мәлімдемесі қабылданды. Бұл форумның халықаралық ұйымға айналғанын білдіреді. Қазақстан осы ұйымның төрағасы ретінде АӨСШК аясындағы үдерісті одан әрі



ішінде лаңкестікке қарсы күрес, зансыз есірткі айналымы және трансұлттық қылмыс пен адам саудасына тосқауыл қою, экономикалық, экологиялық және адами өлшемдер. Айта кету керек, АӨСШК Шанхай ынтымақтастық ұйымы сияқты құрылымдарға балама емес. Алып құрлықта қауіпсіздік пен тұрақтылықты қамтамасыз етуге, үлкенді-кішілі мемлекеттер арасында экономикалық қарым-қатынасты жандандыруға, табиғи апаттармен күресте ортақ күш-қимылды жұмылдыруға сүбелі үлес қосып келеді.

Ендігі жерде Азиядағы өзара ықпалдастық және сенім шаралары жөніндегі кеңес толыққанды халықаралық ұйымға айналуы тиіс. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев АӨСШК алтыншы Министрлер кездесуінде сөйлеген сөзінде осындай ұсынысты ортаға тастады. Өйткені Кеңес халықаралық ұйымға қажетті барлық сипатқа ие. Тиісті құжаттары, басқару және жұмыс органдары, бюджеті және тұрақты жұмыс істейтін Хатшылығы бар.

Форумды трансформациялауға Азияның ғаламдағы беделі мен орны, орасан зор әлеуеті де ықпал етіп отыр. Көрсеткіштерге кезек берсек, жер бетіндегі халықтың 4,5 миллиарды осы құрлықта өмір сүреді. Жалпы ішкі өнім мен сатып алу қабілеті тұрғысынан алып қарағанда дүниежүзінде көш бастан тұр.

90-шы жылдардың басында Америка мен Кәрі құрлықтағы ірі кәсіпорындарды арзан жұмыс күші осында деп Азияға көшірген болатын. Аймақ елдері нарыққа тез бейімделді. Заманауи құрал-сайманды игеріп қана қоймай, өздері де жоғары технологияны өндіре бастады. Өткен ғасырдың соңына таман Батыстың дамыған мемлекеттерімен бәсекеге түсе алатын «Азия жолбарыстарының» тұтас бір шоғыры пайда болды. Ал Қытай ұсынған «Бір жол, бір белдеу» бастамасы өңір елдері ғана емес, Африка, Еуропа, Оңтүстік Америкаға аса қажет транзиттік тасымал инфрақұрылымдық жобалардың іске асуына септігін тигізді.

Міне, содан бері жиырма жыл өте шықты. Көп өрісті әлемге бет алған ғаламшарда Марриб (*Батыс*) пен Машрих (*Шығыс*) арасында мәміледен гөрі текетірес күшейіп барады. Саяси қырғы-қабақтың зарлабы экономикаға, сауда-саттық пен тауар тасымалына тиді.



Осы аптада Астанада Азиядағы өзара ықпалдастық және сенім шаралары жөніндегі кеңестің VI Саммитіне жиналған 11 мемлекеттің басшылары мен сапартоп (*делегация*) жетекшілері бүгінгі күннің ең өзекті, кезек күттірмейтін мәселелерін талқылады. Жиынға төрағалық еткен Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев осыған орай «Бүгін біз бұрын-соңды болмаған геосаяси шиеленіс пен әлемдік экономикадағы күшейе түскен дағдарыс жағдайында өмір сүріп жатырмыз. Бұл құбылыс қазірдің өзінде «жаһандық дисфункция» деп аталды. АӨСШК-тің бұған дейінгі 2019 жылы өткен саммитінен бері әлемдік қоғамдастық ауыр сынақтарды бастан өткерді. Оның салдары жаһандық дамуға әлі де әсер етіп отыр. Менің ойымша, біздің алдымызда тұрған ерекше маңызды міндет – туындаған зор қауіп-қатерлер жағдайында халықаралық қатынастарда тұрақтылыққа қол жеткізу. Көпжақты тетіктерге (*механизм*) тың серпін беру және ашық диалогқа оралу аса маңызды», – деді.

Мемлекет басшысы, сонымен қатар мыңдаған жылдар бойы бүкіл адамзаттың қоғамдық, мәдени, технологиялық дамуының негізгі қозғаушы күші болған алып құрлықтың бүгінгі өркеніеттегі орнына тоқталды. «XXI ғасыр Азия ғасыры болады» деген болжамның қазір шындыққа айналғанын айрықша атап өткен Қасым-Жомарт Тоқаев «Аймақ айтарлықтай

ілгерілетуге бағытталған күш-жігерді арттыру міндетін өзіне алып отыр. Бұған қоса, қауіпсіздік және ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалану саласындағы ынтымақтастық туралы АӨСШК көшбасшылары мәлімдемесінің жобасы, АӨСШК қорын құруға қатысты құжат, сондай-ақ БҰҰ Қауіпсіздік Кеңесінің лаңкестікке (*терроризм*) қарсы қарарын (*резолюция*) жүзеге асыру үшін АӨСШК іс-қимыл жоспары мақұлданды. Бұдан бөлек, Еуразия экономикалық одақ және Оңтүстік-Шығыс Азия елдері қауымдастығымен (*АСЕАН*) ынтымақтастық орнату туралы шешім қабылданды. Бұл іскерлік қарым-қатынасты, соның ішінде өзара сауда-саттықты жандандыруға септігін тигізеді.



болашағы мәдениеттер, дәстүрлер мен дүниетанымдар арасындағы диалогты нығайтатын ұжымдық дайындығымызға байланысты. АӨСШК-ті дамыту үшін қабылданған қадамдар осы мақсатқа сай келетініне сенімдімін», – деді.

Саммитте Кувейт Азиядағы өзара ықпалдастық және сенім шаралары жөніндегі кеңестің 28-ші мүшесі атанды.

«Жібек жолын ұзатып сап қиырға, Келешекке мәңгі қолды бұлғаған» деп өлең жолдарында айтылатын Азияда халықаралық жаңа ұйым құрылды. Оның алып құрлық қана емес, бүкіл ғаламшардың береке-бірлігі мен өркендеуіне үлес қосары анық.

Срайыл СМАЙЫЛ,
саяси шолушы



Владимир ПУТИН,
Ресей Федерациясының Президенті:

«Жаһандық саясатта күрделі өзгерістер болып жатыр. Әлем көпполярлы болып келеді. Қазіргі таңда Азия шешуші рөл атқара бастады.

Ресей Азияның дамуы мен гүлденуін, экономиканың түрлі саласында корпоративтік байланыстарды тереңдетіп, өзара тиімді сауда-саттық пен инвестициялық ынтымақтастықты кеңейту мақсатында ашық кеңістік құруды қолдайды. Ресей АӨСШК-нің бүкіл елдерімен көп қырлы негізде қарым-қатынастарын дамытуды жалғастырады».



Режеп Тайип ЕРДУАН,
Түркия Президенті:

«Бүгінгі саммит біздің кеңесті халықаралық ұйымға айналдыру туралы шешім қабылдайтынына өте қуаныштымын. Қазақстан Президентінің басшылығымен жасалған сенімді қадамның арқасында кеңесіміздің түрленіп жатқанына орай құттықтаймын. Осы мәжіліске қатысып отырған Кувейтке қош келдіңіздер демекпін. Бүкіл мүше елдер кеңесіміздің түрленуі процесіне барынша үлес қосатынына сенімдімін».



Шавкат МИРЗИЯЕВ, Өзбекстан Президенті:

«Жаңа геосаяси ахуал бүкіл Азия өңірінің тұрақтылығына қатер төндіріп тұр. Дағдарыс құбылыстары Орталық Азия елдеріне тікелей әсер етіп, экономикалық интеграциямызды тереңдетуге жұмсаған күшімізді тежеп жатыр. Қауіпсіздік, даму және гүлдену жолындағы мүдделеріміз ортақ екенін ескерсек, бізге мынандай басым бағыттарға баса мән беру керек.

Ауған проблемасында кең ауқымды ымыраға келіп, жаһандық деңгейде іс жүзіндегі шаралар қабылдау үшін БҰҰ Бас Ассамблеясына Ауғанстан билігімен тараптардың өз міндеттемелерін кезең-кезеңмен орындауын белгілейтін алгоритмдер жөніндегі жоғары деңгейдегі халықаралық келіссөз тобын құру туралы Азия елдерінің бірлескен үндеуін жолдау мүмкіндігін қарастыруды ұсынамын».

ЗАҢ ЖОБАСЫ

Еліміздегі майнерлер бұдан былай салық төлеуге міндеттеледі. Мәжілісте «Қазақстан Республикасының цифрлық активтері туралы» заң мен 4 ілеспе заң жобасы мақұлданды.

Мәжілістің жалпы отырысында аталмыш заң жобасын Екатерина Смышляева таныстырды. Депутаттың айтуынша, бұл құжаттар Мемлекет басшысының цифрлық майнингті құқықтық реттеу мәселелері жөніндегі тапсырмаларын орындау мақсатында әзірленді. «Біз осы заң арқылы майнерлерді Қазақстанда лицензия алуға,

Заң жобасын талқылау кезінде депутат Дәния Еспаева өз алаңдаушылығын білдірді. «Астана» халықаралық қаржы орталығы туралы» заңның 11-бабына сәйкес, АХКО-ның резиденті саналатын майнерлер мен майнинг-пул операторлары ҚКС мен КТС-нан *(корпоративтік табыс салығы)* босатылады. Менінше, бұл АХКО юрисдикциясы шеңберінде майнерлердің салықтан жалтаруына жағдай жасау. Осы орайда біздің қаржы және бюджет комитеті мұндай мүмкіндікті алып тастауды ұсынады», — деді ол.

Екатерина Смышляева әріптесінің сөзін мақұлдап, АХКО туралы наннан майнерлер мен майнинг-пул операторларын салықтан

Депутат Дәния Әлімбаев «АХКО ел аумағындағы офшорлық аймақ сияқты болғандықтан, криптовалютаның экожүйесін құру капиталды сыртқа алып шығуды жеңілдетпей ме?» деген сауал тастады. Е.Смышляева дәл осы жүйеде ешқандай реттеу болмаса, айырбас ағымы «сұр аймақта» болады да, капиталды әкетуге жағдай туындайтынын жеткізді. Аталмыш заң жобасының мақсаты — отандық криптобиржала жұмысты ашық жүргізуге жағдай жасау. Ал «көленкеде» қалатын бөлігімен тиісті органдар айналысады. 2024 жылдан бастап майнерлерге өз капиталының 75 пайызын отандық криптобиржаларда айырбастау туралы

Әлеумет.т⁰

«ӨЛГЕНДЕР» ҚАЙТЫП КЕЛГЕНДЕ

Жетпіске жасы таяған қария Ромахан Кенжебаевтың жүрегін ауыртпады дейсіз бе, емхана қызметкерінің «тірідей өлтіруі»! Ромахан ата сырқатынан сақая бастаған соң, емханадан анықтама алуға барғанда осындай жайтқа тап болған. Жайсыз хабар аз болғандай, «Цифрлы Қазақстанның» желден де жылдам электронды жүйесінің арқасында қарияның құжаттары зандық күшін жойған, өйткені ол базада қайтыс болғандардың тізімінде тұр. Халыққа қызмет көрсету орталығына барса, ондағылар «о дүниеден оралған» қарияны көріп талып түсе жаздаған. Сөйтсе, емхананың статистика бөліміндегі дәрігер қайтыс болғандардың тізімін түзіп отырып, жеке сәйкестендіру нөмірінің соңғы санын кате жазыпты. Соның кесірі Ромахан қарияға тиіп отыр. Салғырттық пен салақтықтың салқыны емхана қызметкеріне тие қоймаса керек. Аксақалдан кешірім сұрап, басшылықтан сөгіс алып құтылыпты. Ал қария жеке куәлігін қайта рәсімдетіп, бұғатталған банк картасын аштыру сияқты шаруамен айналысуға мәжбүр. Қателескен медицина қызметкері мен емхана басшылығы «қарияның құжатын рәсімдеу жұмыстарын өздері тындырамыз» деп уәде берген көрінеді.

Ромахан қарияның басынан өткен жәйт біздің елде бірінші рет туындаған жоқ. Мысал керек болса, менін сыныптасым 2004 жылы оқуды аяқтаған соң, Отан алдындағы борышын өтеуге бел буады. Бірақ үйіне әскерге шақырту қағазы келмеген. Анық-қанығын білмекке аудандағы әскери комиссариатқа бармай ма? Құжаттарын мекеменің мамандары түп көтере іздеп таппайды. Амалы таусылған әлгі маман: «Айып етпесеніз, тірілердің тізімінде жоқсыз, қайтыс болған адамдардың іс-қағаздарынан қарап көрсек» деп архивті ақтарса, құрдасымыздың құжаттары марқұм болғандардың қағазына қосылып кетіпті.

Мұндай мысалды молынан айтуға болады. Ақмола облысында да зейнет жасындағы әжей бірнеше жылдан бері бұл жалғанда бар екенін дәлелдей алмай әуреге түскенін ақпарат құралдары жарыса жазған кезінде. Бақандай 24 жылдан бері ешқандай көмек, жәрдем, қолдау алуға құқығы болмай, «өлгендердің тізімінде тұрғандықтан» осындай күйге түскен еді. Қызығы, бұл кісі де өзіне қажетті құжатты рәсімдеу үшін, яғни зейнет жасына толғанда қағазын өткізуге барғанда, Щучинск қаласындағы халыққа қызмет көрсету орталығынан білген. Мұнда да адам факторының кесірі тиіп отыр. Анастасия Малашенконың есім-сойын жаңылысып жазып жіберген жазғанның жауапсыздығы әжейді өбден сандалтқан. Малашенко да мұқалмайтын жан екен, түбін қопара индетіп сұрастырса, Алматы облысының Көксу ауданында Анастасия Милашенко есімді кісі қайтыс болып, Малашенко болып жазылып кеткен.

Осы күнде өмірден өткен жандардың базасын жүйелеп отыру денсаулық сақтау министрлігінің күзиретінде. Егер сіз зейнет жасына жетіп, ұзақ жылғы табан ақы мандай теріңіздің өтеуіне берілетін зейнетақыңыз ойда-жоқта сап тибылса, қайтесіз? Ешқандай сұраусыз, ескертусіз. Бірден тиісті мекемеге шағымданбайсыз ба! Орал қаласының тұрғыны Мәнсия Жақыпованың да зейнетақысы банк картасына аударылмайды. Бұл да былтыр орын алған жағдай. Себеп — базада қайтыс болғандардың тізіміне еніп кеткен. Құлаппа көргенімен, ақырына бойлай алмапты. Бір-біріне сілтеп, табанынан тоздырып жүріп «құжатын тірілтіп» берген. Тағы бір мысал, осыдан бес жыл бұрын Шымкент қаласының тұрғыны Бағдат Жұмаділовтің есімін мемлекеттік деректер қорына «16 жасында қайтыс болды» деп іліп жіберген. Бәзбіреулердің салғырттығынан бозбала шағында «мына өмірден ана дүниеге құжаты рәсімделіп кеткен» Бағдат та аз мекнат тартпапты. Жоғары оқу орнын бітіргенде, тіпті отбасын құрып, балалы болғанда да осы бір олқылық жолын кес-кестей берген. Соның кесірінен кіндігінен тарағын өзінің қаны баласының туу туралы куәлігінде өкесінің аты-жөні жазылатын орны бос тұр, баласы әйелінің тегіне жазылған. Бағдат секілді қаншама адамның басында осы кеп. Олар ертен құжатын қайта рәсімдеп, тірілер санатына занды түрде қосылуы үшін, біраз табалдырықты тоздырады. Ал біз мұндай бассыздыққа етіміз өліп кеткені сондай, қалыпты жәйт деп қабылдаймыз.

Қуаныш ПАХМЕТ

Сұрақ-Жауап

ТОУОТА КОМПАНИЯСЫ ҚАЗАҚСТАНДА ЗАУЫТ АША МА?



Қайырбек ӨСКЕНБАЕВ,
индустрия және инфрақұрылымдық даму министрі:

«Ондай компаниялар келу үшін көп жұмыс істеу керек. Қазір кәсіпкерлер келіссөз жүргізіп жатыр. Бірақ келе ме, келмей ме, әлі белгісіз. Өйткені ол үшін көп қаражат керек. Қазақстанға келуін нақты ешкім айта алмайды».

МАЙНЕРДІ «КӨЛЕҢКЕДЕН» ШЫҒАРУ



яғни занды тұлға ретінде салық төлеуге міндеттейміз», — деді ол.

Бұдан былай майнерлер мен майнинг-пулдардың қызметін цифрландыру министрлігі реттейді және лицензиялайды. Астана халықаралық қаржы орталығы (АХКО) аясында құрылып жатқан экожүйеде жана қаржы институты — қазақстандық криптобиржалар ашылады.

Криптоиндустрияға салық салу жүйесі бірнеше кезеңнен тұрады: жабдықты әкелу кезіндегі қосымша күн салығы (ККС), лицензия үшін төлем, киловатқа цифрлық майнинг ақысы, алынған сыйақыдан корпоративтік табыс салығы, майнинг-пулдағы корпоративтік табыс салығы, криптовалюталардағы айырбастау ақысы.

Жаңа заң жобасы Салық және Әкімшілік кодекстерді, «Рұқсат және хабарламалар туралы» және «Ақпараттандыру туралы» заңдарды, сондай-ақ «Астана» халықаралық қаржы орталығы туралы» Конституциялық заңды да қозғайды.

босату туралы баптың алып тасталатынына сендірді. Оның сөзінше, бұл жеңілдік тек криптобиржаға қатысты болмақ. Еске түсірсек, ұлттық экономика министрі Әлібек Қуантыров ақпан айында майнерлер үшін салық мөлшерлемесін тұтынған 1 кВт/с үшін 1-ден 10 теңгеге дейін көтеруді ұсынған болатын.

Заң жобасына сәйкес, криптобиржа жұмысын тек АХКО-ның шектеулі юрисдикциясында жүргізуге рұқсат ету ұсынылып отыр. Үкімет пен заң жобасын әзірлеушілер криптовалютаны ортақ қаржы жүйесіне енгізуге қарсы. Бұл орайда Е.Смышляева: «Мұның қатері көп, сайып келгенде, ұлттық валютамыздың егемендігінен айрылып қалуымыз мүмкін», — деп кесіп айтты. Криптовалюта қамтамасыз етілмеген актив болғандықтан, ортақ құқықтық өрісте бүкіл қаржы жүйесін күйретуі мүмкін. «Ал АХКО-да криптобиржалар 2019 жылдан бері жұмыс істейді. Қауіпсіздік, криптобиржаға қойылатын қатаң талаптар бар», — дейді ол.

талап қойылады. Бейресми мәлімет бойынша, қазір халықаралық биржаларда бір миллионнан астам қазақтандық тіркеліп, сауда-саттыққа қатысады. Сондай-ақ айырбастың «қара базарлары» кен таралған. «Криптовалютамен байланысты барлық дерлік операциялар көленкеде қалып отыр. Оны отандық биржаға ауыстыру майнерлердің жұмысты ашық жүргізуіне ықпал етеді. Майнинг құрал-жабдығының тізімін енгізу де заңсыз дата-орталықтардың жұмысына тосқауыл болып, энергожүйенің қауіпсіздігі мен балансын қамтамасыз етеді», — деді Е.Смышляева.

Заң жүйесі осы саладағы электр қуатын тұтынуды да реттейді, яғни жүйе балансына қарай тұтынатын мөлшерді квоталайды.

Сондай-ақ криптовалютаны салық декларациясына енгізу мәселесі де қарастырылып жатыр.

Талап ТІЛЕГЕН

Жебе

КҮЗГІ ЖАПЫРАҚТАЙ ДІРІЛДЕП...

10 қазандағы баспасөз мәслихатында «Алматы жылу желісі» компаниясының бас инженері жұртты дүдемал етіп қойды. Биыл «15 қазанда жылу беріледі» деген әңгіме жоқ. Бес күн бойы ауа температурасы +8 градустан аспауы керек!



Содан бері тұрғындар ауа райын аңдып әлек. Ол да күндіз +20-дан асып, түнде +9 градустан түспей титықтатып тұр. Күнделікті тіршілік — құлды «квест»! Түнде үш қабат киініп, күндіз шешінудің өзі біраз уақыт алады (*әсіресе, бала-шағасы барларға қиын*). Автобуста түшкіргендерден үркіп, жөтелгендерден қашып, жұмыста мұрнын тартып отырғандарға жоламауға тырысып... күндер осылай өтіп жатыр. «Шіркін, Сағынтаев!» деп күрсінетіндер шықты. Былтыр суық түсе сала отты қосқызып еді-ау...

Күндіз жылы болғанымен, кешке күрт суытып, қаланың тас үйлері «жібіп» те үлгермейді. Сондай тас үйде бойы жылымаған бір таныстың шабыты оянып, өлең жазыпты. Оны телефонмен оқып берді.

*Күзгі жапырақтай дірілдеп,
Алматы бүрсең қағады.
Жылу қайда деп сұрап ем,
Ала көзбен әкім қарады!*

— «Алматы бүрсең қағадын» жарап тұр, бірақ әкімді ала көзбен қаратып қойғаның қалай болар екен? — деймін.

— Ол ұйқас үшін. Кезінде Храпунов 1 қарашаға дейін созып еді ғой, есінде ме?

— Е-е, 1997 жылы ғой, бала-шағамызбен қатып қалғанбыз! Бірақ ол кезде дағдарыс болатын.

— Ал қазір не?

— Оны әкімдіктегілер айтсын!

— 15 қазанда қоспаса, не істейміз?

— Не істейміз, күтеміз! Күзгі жапырақтай дірілдеп...

Гүлнар АХМЕТОВА

Инфографика

МҰНАЙ ӨНІМДЕРІН ӨНДІРУ (2022 ЖЫЛ, ҚАҢТАР-ҚЫРКҮЙЕК, ТОННА)

БАРЛЫҒЫ – 11,1 МЛН



БЕНЗИН – 3,7 МЛН



ДИЗЕЛЬ – 4 МЛН



АВИАОТЫН – 517 МЫҢ



МАЗУТ – 2,1 МЛН

Дереккөзі: энергетика министрлігі

SERPIN

Сұхбат

(Басы 1-бетте)

Сол себепті инженерлік инфрақұрылымды дамытуға күш салып жатырмыз. Баршаға аян, №3-ші жылу беретін орталықтың құрылысы он жылдан бері салынып келеді. Оны тез арада бітірмесе болмайды. Мердігер компанияның басшылығын шақырып алып қатаң талап қойдық, ол құрылыс қарқынын арттыруға уәде берді.

Бірақ ол қазандықтың да қуаты жеткіліксіз болады. Сондықтан үш газ жылу стансасының құрылысын бастадық. Олардың әрқайсысының қуаты №3-ші орталықтың қуатынан әлдеқайда асып түседі. Газ жылу стансалары келесі жылдан бастап кезең-кезеңімен пайдалануға беріле бастайды. Сонымен қатар, қосалқы Наурыз, Жұлдыз, Арай және т.б. электр стансаларын жобалауды және реконструкциялауды қолға алдық.

Қала халқын газбен қамту жұмыстары да жалғасуда. Алматы және Сарыарқа аудандары газға қосылу мүмкіндігіне толық ие болды. Қалған Байқоңыр және Есіл аудандарында магистральдық газ құбырының құрылысы жүріп жатыр.

Биыл «Тұран», «Тельман» қазандықтарына және «Ильинка» (Үрке), «Өндіріс», «Тельман», «Пригородный», «Family Village» және «Garden Village» шағын аудандарына газ жеткізу желілерінің құрылысы басталды.

Қазір 6 мыңнан астам үй газға қосылды. Тұрғындар оның өте ыңғайлы екенін айтады: көмір сатып алудың, күлді тазартудың, тәулік бойы үйге байланып отырудың қажеті жоқ. Газды пайдалану экологиялық жағынан да таза әрі қауіпсіз. Сондай-ақ газға әлеуметтік нысандарды да қоса бастадық. Жиырма әлеуметтік нысанның 13-і газға ауыстырылды, қалған 7-уі бойынша іске қосу-жөндеу жұмыстары жүргізіліп жатыр. Осы объектілерді газға ауыстыру есебінен жалпы қаржы үнемдеу жылына 1 млрд теңгеден асады. Мысалы, егер бұрын дизель отынымен жылыту кезінде №40 мектеп жылына шамамен 160 млн теңге жұмсаған болса, онда газ қосылғалы бұл сома 4 есеге азайды. «Шарапат» әлеуметтік қызмет көрсету орталығының үнемдеген қаржысы жылына 60 млн теңгеден асып отыр.

— Қаланы сумен қамтамасыз ету де өте күрделі мәселенің бірі ғой. Ол қалай шешілуде?

— Астанада аталған мәселені жүйелі түрде шешу үшін өткен жылы суды сору және сүзгіден өткізу стансасының құрылысы басталды. Осы жана №3 стансаның қуаты қазіргі аудандармен



Апатты жағдайдағы әлеуметтік нысандар да бар. Соның бірі — теміржол ауруханасы. Теміржол емханасын басқа жакка көшірдік. Ал аурухана мәселесін жедел шешпесек болмайды. Енді оны «Рамала плаза» қонақ үйінің ғимаратына көшіру ойымызда бар. Аталған ғимарат коронавирус пандемиясы кезінде 600 орындық госпиталь ретінде бізге жақсы қызмет көрсетті. Қазір бос тұр. Медицина қызметкерлерінің өздері осындай ұсыныспен бізге шықты, біз өз кезегімізде оны Үкіметке жеткіздік. Ұсыныс

жерде көбіне тәртіп бар. Бүгіннің өзінде осы қызмет есебінен жергілікті бюджетке 2 млрд теңгеден астам қаржы түсті. Оны біз қаланың дамуына жұмсайтын боламыз.

Бұдан бөлек, астанада көлік қозғалысының кідірісін азайту, жол жүру уақытын қысқарту үшін зияткерлік көлік жүйесін дамыту қолға алынды. Соның арқасында көлік жылдамдығы 18 пайызға ұлғайып, жол жүрудің орташа уақыты 20 пайызға азайды. Ақылды бағдаршамдар кептеліс кезінде онтайлы жұмыс режимін таңдауға мүмкіндік береді. Қаладағы бағдаршамдардың 42 пайызы осындай зияткерлік функциялармен жабдықталған.

Бұған дейін елордала Кешенді көлік сызбасының тұжырымдамасы бекітілген болатын. Бұл халықтың жыл сайынғы өсуін және жолдардағы трафиктің ұлғаюын ескере отырып, қалалық көліктің 10 және одан да көп жылға бірыңғай техникалық пайымын әзірлеуге мүмкіндік береді. Сондай-ақ ол жаңа автомобиль көпірлерінің, көлік-жол айрықтарының санын ұлғайтуды, көшелерді кеңейтуді, жолдарды тесуді, қоғамдық көлікті айтарлықтай жаңғыртуды және т. б. көздейді.

Сонымен қатар, «Астана-жайлы қала» мастер-жоспары аясында 750-ден астам аула мен қоғамдық кеңістіктер (саябақтар, скверлер, бульварлар) абаттандырылды. Мысалы, осы жылы елордада Бейбітшілік және келісім сарайы ауданында амфитеатр, қаланың оң жағалауындағы тағы бір жаяу жүргіншілер жолы, «Встреча» сауда үйі жанындағы қоғамдық кеңістік, «Бейбітшілік және келісім» саябағы, қала аланы және т.б. салынды. Қоғамдық кеңістіктер мен аулаларда әркім өз қалауы бойынша айналысатын іс табады: баскетбол/футбол алаңдары, workout-аймақтар, тыныш демалуға арналған аймақтар, өткеншектер, шығармашылық өнер көрсетуге арналған сахналар, скейт-аймақтар және т. б. Бұл жерлерде қала тұрғындары мен қонақтары бос уақыттарын денсаулыққа пайдалы әрі жайлы өткізе алады.

— Қала мектеп тапшылығын тартуда. Кейде оқушылар сыныптарға сыймай жатады. Мұғалімдердің жетіспеушілігі де бар. Осыған қатысты ойыңыз қандай?

— Халық саны артқан сайын, мысалы мамыр айында 8 мыңнан астам түлек мектеп бітірсе,

қыркүйек айында бірінші сыныпқа 25 мыңнан астам бала қабылдаймыз. Үш ауысымда оқытатын мектептердің пайда болуын жоспарлы түрде азайту және болдырмау үшін жыл сайын кемінде 10 мектеп салу қажет. Мысалы, 3 жыл ішінде 70 мың оқушыға арналған 34 мектеп салынды. Тек биыл ғана 23 мыңнан астам оқушы орны қамтамасыз етілді. 2025 жылға дейін астанада тағы 120 мың оқушы орны құрылады (2 ауысымда). Жалпы



қатар болашақта салынатын аудандарды да ауыз сумен қамтамасыз етуге жетеді. Бүгінде қала тәулігіне 300 мың текше метр суды тұтынады. Жана станса қалаға тәулігіне 100 мың текше метрден астам суды бере алады. Ол осы жылдың соңына дейін ішінара іске қосылып, тәулігіне 35 мың текше метр суды айдаса, 2023 жылдан бастап өзінің өндірістік қуаттылығына — 100 мың текше метрге шықпақ.

— Қаладағы түйін қиын түйткіл — көп пәтерлі тұрғын үйлердің ұзаққа созылған құрылысы екені белгілі. Сол үйлерге қаржы салған үлескерлердің үміттері ақталып жатыр ма?

— Расында, бұл өзі өте бір қиын мәселе болатын. Біздің алдымызда 16 мың үлескер-отбасының мәселесін шешу міндеті тұрды. Бұл жай ғана сандар емес, бұл ұзақ жылдар бойы жалдамалы пәтерлерде көшіп-қонып жүрген біздің тұрғындардың күрделі тағдыры еді.

Сондықтан осы қиын шаруаны шешуге бел шеше кіріскеніміз рас. Инвесторларды тарттық. Нәтижесінде биыл үлескерлердің саны 16 мың отбасыдан 2 мың отбасыға дейін қысқарғалы отыр. Қазір құрылысы ұзаққа созылған тағы 30 үйдің құрылысы аяқталады. Осылайша, 2022 жылдың соңына қарай құрылысы тоқтап қалған 150 үйдің 120-ның мәселесі түбегейлі шешіледі.

— Тозығы жеткен, апатты үйлер де аз емес қой. Олардың көбі қаланың ескі орталығында, оң жағалауда.

— Бұл да күн тәртібінде тұрған өткір мәселенің бірі. Астанада ресми түрде ескірген немесе апатты деп танылған 200-ден астам үйлер бар. «Елорда даму» атты тұрғын үйлерді жаңғырту бағдарламасы аясында 4200-ден астам отбасын көшірдік. Биылдың өзінде 330 отбасы жаңа пәтерге ие болды. Біз осы бағыттағы жұмыстарды әрі қарай да жалғастыратын боламыз.

жоғарыдан қолдау тапса, аурухана қонақ үй ғимаратына көшеді. Ал аурухананың орнына қалаға ауадай қажет перзентхана салмақшымыз. Астана қазір кем дегенде екі перзентхана үйіне зәру.

— Қаладағы ақылы автотұрақтар туралы айтсаңыз. Алғашқы тәжірибе бар, алдағы уақытта бұл бағытта қандай қадамдар жасалмақ?

— Бұл ретте біз біршама тәжірибе жинақтадық. Ақылы автотұрақтардың қай жерге қажет және қай жерге қажет еместігін түсіндік. Астаналықтардың пікірін, талап-тілектерін тыңдай келе, 1700 автотұрақты алып тастадық. Тек қажет жерлерде ғана қалдырдық. Мысал ретінде Министрліктер үйінің маңындағы тұрақтарды айтуға болады. Тұрғындар көліктерін қалай болса, солай қойып кететіндіктен де, бұл, әсіресе, қыста қар тазалауға кедергі жасайтын. Қазір бәрі ретке келді. Ақылы автотұрақтар бар

44 мектеп салу жоспарланып отыр. Мемлекет басшысының Жолдауына сәйкес, біз жайлы — ірі габаритті мектептер салуға кірістік. Қазір біз 80 мың оқушы орнына (2 ауысымда) 20 ірі мектеп жобалап жатырмыз.

Білім беру сапасын арттыру үшін жыл сайын педагогикалық мамандықтарға гранттар бөлінеді: егер үш жыл ішінде 1400 грант бөлінсе, биыл тағы 1 мың грант бөлінді.

Сондай-ақ мұғалім мамандығы бойынша тапшылықты жою мақсатында жеке инвестордың есебінен Астана қаласында жана педагогикалық оқу орнын салу жоспарланып отыр. Оның тұжырымдамасы қуатталды, енді таяу арада бұл мәселе оң шешімін табады деген ойдамыз.

— Әңгімеңізге рахмет!

Сұхбаттасқан Абзал ИБРАГИМ, Астана

Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің мәліметінше, Отбасының цифрлық картасы арқылы 5,5 мың азаматқа мемлекеттік қолдау шаралары тағайындалды.

«Отбасының цифрлық картасы» ақпараттық жүйесін пилоттық режимде енгізу арқылы 1 қыркүйектен бастап 20 мың адамға мемлекеттік қызметтер белсенді көрсетілуі үшін SMS жолданды. Бұл ретте өтініш берусіз жәрдемақы немесе төлем алу мүмкіндігін 5,5 мың адам немесе 29,4% пайдаланды.

Қазіргі уақытта Отбасының цифрлық картасы мемлекеттік қолдау шараларын алуға құқығы бар қазақстандықтарға өтінішсіз-ақ жәрдемақы мен әлеуметтік төлемдердің 9 түрін ресімдеуге мүмкіндік береді:

- жүктілікке және босануға байланысты табысынан айрылған жағдайда төленетін әлеуметтік төлем;
- бала күтіміне байланысты табысынан айрылған жағдайда төленетін әлеуметтік төлем;
- жұмысынан айрылған жағдайда төленетін әлеуметтік төлем;
- асыраушысынан айрылғанда төленетін әлеуметтік төлем;
- мүгедектігі бар баланы тәрбиелеп отырған ата-анасына (қамқоршысына) жәрдемақы;
- мүгедектігі бойынша жәрдемақы;

ОТБАСЫНЫҢ ЦИФРЛЫҚ КАРТАСЫ

— көпбалалы отбасыларға берілетін жәрдемақы;

— «Алтын алқа» және «Күміс алқа» алқаларымен марапатталған көпбалалы аналарға берілетін жәрдемақы;

— атаулы әлеуметтік көмек.

Мемлекеттік қолдау шараларын алуға құқық белгіленген кезде әлеуетті алушыға 1414 бірыңғай байланыс орталығынан SMS хабарлама жіберіледі. Хабарлама алған азамат оған келісімі туралы жауап беруі керек. Өтінішті ресімдеу және әлеуметтік жәрдемақы немесе төлем тағайындау автоматты режимде жүргізіледі, содан кейін ақша қаражаты алушының банк шотына аударылады.

Отбасының цифрлық картасы — әр түрлі мемлекеттік органдардың мәліметтерін

жинақтайтын, азаматтардың әлеуметтік әл-ауқатының деңгейін анықтауға және оларға проактивті форматта кепілдендірілген мемлекеттік қолдау көрсетуге мүмкіндік беретін ақпараттық жүйе.

Бүгінгі таңда мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйелерінің деректері негізінде Отбасының цифрлық картасында Қазақстанның 19,5 млн азаматы немесе 6,3 млн отбасы туралы ақпарат жинақталған.

Жобаны іске асыру кезеңдері:

- осы жылдың 1 қыркүйегінен бастап жәрдемақылар мен әлеуметтік төлемдердің 9 түрі бойынша жаңа форматта қызмет алуға мүмкіндік берілді;
- 2023 жылғы 1 қаңтардан бастап тізбе әлеуметтік қорғау саласындағы қызметтермен кеңейтіледі;
- 2024 жылғы 1 қаңтардан бастап денсаулық сақтау және білім беру салаларындағы мемлекеттік кепілдіктер енгізіледі;
- 2025 жылдан бастап мемлекеттік кепілдіктердің барлық түрлері қамтылады.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан халқына арнаған Жолдауында 2023 жылдан Отбасының цифрлық картасы және Әлеуметтік әмиан сияқты тәсілдерді енгізу жоспарланып отырғанын айтқан болатын.

Сондай-ақ Президент Үкіметке Отбасының цифрлық картасы жобасын жыл аяғына дейін іске қосуды тапсырды.

(Өз тіліміз)



Сұхбат

Балалар жылының түгесілуіне де өз уақыт қалды. Келешектің тұтқасы балаларға осы жылы нендей базарлық тиді, өсіресе, әдебиет әлемінде? Әдебиет айналасында айтылатын пікір қайшылығы да сан алуан. Кейбіреулер әдебиеттің осы бір жанры кенжелеп, даму көшіне ілесе алмай келе жатқанын көлденең тартса, екінші тарап аманаты ауыр жанрға қалам тартушыларға деген қамқорлықтың қалың болмауы бұған себеп деген байлам айтады.

Қазақстан Жазушылар одағы балалар әдебиеті кеңесінің төрағасы қызметін Нұрдәулет Ақыш атқарады. Біз балалар әдебиетінің даму үдерісі, бүгінгі аяқ алысы туралы жазушы Нұрдәулет Ақышты сөйлеттік.

Нұрдәулет АҚЫШ, жазушы:

БАЛАЛАР ӘДЕБИЕТІН ДАМУҒА ҚАМҚОРЛЫҚ ҚАЖЕТ

Jas qazaq: Нұрдәулет аға, балалар әдебиетінің қазіргі ахуалы нешік?

Нұрдәулет Ақыш: Адам баласына, соның ішінде өз ұлтымыздың өкілдеріне қатысты имандылық, жақсылық нышандары сонау фольклорымыздан бастап, күні бүгінге дейін балалар жазушылары мен акындарының назарынан тыс қалып көрген емес. Қазіргі қазақ балалар әдебиеті де осындай парыздық міндеттерді аркалап, дамып келеді. Ауызды кү шөппен сүрте берген жарамайды. Еліміз тәуелсіздік алғаннан кейін де қазақ балалар әдебиеті тоқырап, дағдарып қалды деуге болмайды. Жас оқырманның эстетикалық танымын ұштап, ұлттық рухта тәрбиелеу мақсатында акын-жазушыларымыздың қал-кадерінше тоқтаусыз жұмыс жасап келе жатқандығын көретін көз керек алдымен.

Өткен шақтың кезеңдерімен салыстырып қарар болсақ, көркемдік талаптардың жекелеген параметрлері бойынша ілгерілеу нышандары байқалғанымен, жекелеген авторларда кібіртіктеулердің бары рас. Барлық көркем шығармаларға қойылатын ортақ көркемдік-эстетикалық талаптарға толығымен жауап бере алатын, ауыз толтырып айтарлықтай тұщымды шығармалардың ұсынылуы сиректеу, мұндай талапқа өне бойы толыққанды төтеп беретін кесек туындылардың тууы тым баяу. Біз «қазақ балалар әдебиеті», «балалар кітабы» деп жалпылай айтқанымызбен, бұл бағытта қалам тартып жүрген акын-жазушыларымыздың есімдері көбінесе елеусіз қала беретінін несіне жасрайық. Содан да шығар, басқа оқырман қауымды былай қойғанда, бүгінгі таңда балалар әдебиетіне қалам тартып жатқан жас талапкерлердің арасында да алдыңғы толқынды біле қоймайтындар кездеседі. Бұл дегеніміз – балалар әдебиетінің кейінгі толқыны алдыңғы буын өкілдерінің кейбірінін есім-сойын да, шығармаларын да жете танып-түстey алмайды. Еліміз тәуелсіздік алғаннан бергі отыз жылдан астам уақыт ішінде қазақ балалар әдебиеті тоқырап қалды дейтін пікірге жығылатындар да бар. Бұны әдебиет әлеміндегі балаларға арналған шығармалардың өрісінен жеткілікті хабардан болмағандықтан айтылған сөз деп санағанымыз жөн. Осы арада балалар әдебиетін насихаттау мәселесінің кенжелеп келе жатқандығы да әсер етуі мүмкін.

Jas qazaq: Балалар әдебиетін насихаттау жолында маркетинг механизмі дұрыс іске қосылмағандай көрінеді кейде. Кітап оқымайтын ұрпақ келді, смартфонды серік етушілерге кітап қызық болмай қалды деп байбалам саламыз. Осы «ойбайымыз» ұзаққа созылатын түрі бар секілді.

Нұрдәулет Ақыш: Қазіргі ғаламтордың қолданылу аясы кенеюіне тікелей байланысты кітап оқудың азайып кеткені рас. Соған қарамастан, қаламгерлеріміз балаларға арналған шығармаларын жанрлық жағынан түрлендірудің жолында аз еңбектеніп жатқан жоқ. Ұмтылыс, серпіліс, ілгерілеушілік бар, соны шүкір ету керек. Насихаттын кемшін соғып жатқаны да басы ашық жайт. Балалар әдебиетінде бұрыннан бар канондарды жаңаша дамыту, заман талаптарына сай ойлармен бірге жаңа детальдарды, штрихтарды енгізу уақыт талабы екендігі сөзсіз. Бірақ бұлардың бәрі әдебиеттің көркемдік талаптары шеңберінде, бай әдеби тіліміздің басты ұстанымдарын

сактай отырып жүзеге асырған абзал. Әйтпесе, оқытушы қауымның таным-түсінігіне обал болады. Өйткені бүгінгінің оқырманы сонау өткен ғасырдың оқырмандары емес. Талап-тілектері де, рухани қажеттіліктері де басқаша. Жас қаламгерлердің жаңа ой, жаңаша идея айтуға деген ықыластары кейде оқырман қауымның рухани талаптарынан да туындап жататыны да сондықтан. Жаһандану үдерісі қарқынды жүріп жатқан дәуірде адами құндылықтардың әлсіреп бара жатқанын байқауға болады. Адаммен бірге қоғам өзгеріске түсіп жатқан тұста баланың тағдыры мен баланың сана-сезіміне қатысты тың дүниелер әкелуге — кез келген жазушының шеберлігі жете бермейді, жүрегі де дауалай қоюы екіталай. Өйткені балалар өздеріне арналған эпикалық шығармалардан кейіпкерлердің тағдыр жолына үніле отырып, олардың ой-қиялымен, сезім сырымен, жетістік-кемішілігімен танысады. Осындай туындыларды оқу барысында ересектер де бала мінезінің қыр-сырын таниды. Бала психологиясындағы өзгешеліктерге назар сала отырып, дұрыс тәрбие берудің басқа да жолдарын іздестіруге де мүмкіндік мол болады.

Jas qazaq: Балалар әдебиетіне ғана емес, жалпы сөз өнеріне түрлен салуға ұмтылған жазушылардың тілдік қорының қазынасы қаншалықты? Ұлттық дүниетанымды,

Jas qazaq: Дұрыс айтасыз, ізденіс керек, бірақ одан да үлкен аманат балалар әлеміне бойлап, солардың таным-түсінігіне сай шығарма жазу — орасан жауапкершілік.

Нұрдәулет Ақыш: Балаларға арнап көркем туынды жазудың бір қиындығы мүмкіндігінше әдеби тіл нормаларын дұрыс қолдана білуге байланысты шығар деп пайымдаймын. Бәлкім, көркемдіктің жүйесін бұзып, ерсілі-қарсылы сөйлей беретін ересек оқырмандарына арнап қалам тербейтін авторларға кейде аздап кешірім болатын шығар. Ал тілі енді қалыптаса бастаған бүлдіршіндердің аузына теріс тіркестерді, үйлеспейтін сөздерді тізбелей берсек, тілбұзарлықтың көкесін, зарлабын сонда тартамыз. Сондықтан біреулер ойлап жүргендей, балалар қаламгерлеріне артылатын жүк тіпті де жеңіл емес. Жеткіншектердің жас ерекшеліктерін қатаң ұстанатын педагогика заңдылықтарына ескерсек, балалар әдебиеті деп жалпылай айтылғанымен, жазылатын шығармалардың оқырманның жас мөлшеріне қатаң лайықтай білудің өзі де осы қағидаға тікелей байланысты. Балалар әдебиетінде қиын салаларының бірі — кішкентай балаларға арнап шығармалар жазу.

Бұл жағынан келгенде, жас



оқырмандарды кітап оқуға тарта білудің мүмкіндігі зор деп айта алмаймыз. Керісінше, шектеулі екендігі байқалады. Бұл салада еңбек ететін жазушылардың санаулы болатыны да сондықтан шығар, бәлкім. Бүлдіршіндер үшін жеңіл ұйқасқа құрылған қарапайым тапқактармен жеткізудің маңызы зор. Бала бір-екі жасты қосып, сәл есейген сайын оларға арналған тапқак-өлендердің де күрделеніп, көркемдік талаптары жоғарылай түсетіні белгілі.

Осындай шағын жанрларды игеруді шығармашылық мұраты етіп ұстанған авторлардың еңбегі, таланты тіпті де еленіп жүрген жоқ. Осы жағы өкінішті, әрине. Қазақ балалар әдебиетіндегі кіші жастағы балаларға арналған жаңылтпаш, санамақ, жұмбақ сияқты жеңіл жанрлардың табиғатындағы ерекшеліктер бар. Формалық ізденістерге түскен бұл жанрлар бойынша көптеген шығармалар жазылып та жатыр. Көнілінді өсіретіні төменгі буынаға арнап жазатын осындай авторлардың ізденістерінде мазмұн, түр, ұйқас жағынан жаңалыққа ұмтылу нышандары сезіледі. Бұл — құптарлық қуанышты құбылыс. Ондай ұмтылыстардың өзі аз да болса, көңіл жылытарлық. Ауыз әдебиетінен келе жатқан көне форманы бүгінгі жиырма бірінші ғасырдың өленіне қолданудың өзі ұлттық нышанды сақтаудың бір үлгісі дер едім. Мәселе тек бұрқыратып көп жазып тастауда емес, керісінше, әдебиет атты сырлы әлемге тән көркемдік талаптарды жөнімен игере білуде.

Бүлдіршіндерге арналып шығып жатқан суретті кітапшалар да аз емес. Біразының

мұқабасы қалың, қатырма қағазды. Ен кіші жастағы оқырмандарымызға нақ осындай кітапшалар жетіспей жатқан заманда, мұндай үрдіс, әрине, қуанарлық жағдай. Жалпы кішкентай балаларға арналған суретті кітапшалар мен кітаптарды шығаруға аса мұқият, зор талап қоя отырып қарағанымыз жөн.

Jas qazaq: Жас буынның әдеби ағымдарға арна салуы қаншалықты орынды?

Нұрдәулет Ақыш: Жастардың дүниежүзілік әдеби ағымға ілескісі келгендерін құптау керек, жақсысын үйреніп, жаманынан жірену үшін. Сонымен бірге көркем әдебиеттің ұлттық сипаты болуы балалар әдебиетіне тікелей қатысты. Еліктеу мен солықтау осы екен деп ұлттық негізіміз ұмтылып қалмауы тиіс... Жас буын өкілдері тарапынан реалистік шығармаларды жазуға деген ықылас бәсенсіп бара жатқаны байқалады. Бұл бағыттағы ізденіс олқы екені байқалады. Жалпы балалар әдебиетіне ойысқан қаламгерлердің кейбір ескі сарыннан арылғаны дұрыс та шығар. Өйткені жаңаша көркемдік талдаулар жасай алатын, креативті ойлауға бейім жас қаламгерлер өсіп келеді. «Балалар әдебиетінің» трендке айналдырайық деп жүрген қаламгерлеріміз бар. Бірақ, жоғарыда айтқанымыздай, жаңашылдыққа ұмтылуды желеу етіп, жаһандану заманында ұлттық ділімізден, салт-дәстүрімізден қол үзіп кетуге болмайды. Өйткені кейінгі буын өкілдері арасында ондай тенденцияның бой көрсете бастағанын көріп, біліп те жүрміз. Бүгінгі таңда қоғамымызда орнығып қалған ұранның бірі — жас қаламгерлерді қолдау керек, оларға әлеуметтік, тұрмыстық жағдайларын

оналтуға көмектесіп әрі кітаптарын шығару керек деген қағида. Әртүрлі адамдардың, соның ішінде алдымен Қазақстан Жазушылар одағы басқармасы басшыларының және жастармен жұмыс істейтін қоғамдық ұйымдар өкілдерінің атынан жиі айтылатын әңгімелердің бірі — осы. Мұндай қамқорлықтың нышаны кенес дәуірінде де болған. Ол замандардағы комсомол ұйымы бар, басқа да мемлекеттік орындар бар, жастарға қамқорлық жасаудың жолдарын мүмкіндігінше қарастырып, жүйелеп отыратын. Жас буынға көмек беру — біздің жазылмаған дәстүріміз. Дегенмен бұл арада ойланатын бір нәрсе бар екенін ескеру керек. Алдымен шынайы талантты жас қаламгерлер мен орташа жазатын немесе әдебиетті ермек ретінде ғана көретін талапкерлердің аражігін ажыратып алу қажеттігі. Қамқорлықты содан кейін жазу өресіне, шығармасының шамасына қарай көрсету керек. Бұлай іріктеп, сүзгіден өткізіп алмасақ, біз «жастарды көтермелеу орынды, оларға міндетті түрде қамқорлық жасау керек» деген идеяның желеуімен артық аттанға басатын кезіміз де жоқ емес. Тәжірибелі әдебиетшілердің көзімен қарағанда, жастардың ең олқы тұсы — қазақ тілінің әдеби нормасын жеткілікті түрде игере алмауы, тілдің ескі заманнан қалыптасқан мәйегін, әдеби көркем тілдегі сабақтастықты аңғара бермейтін жағдайлар кездеседі. Соның салдарынан тіл байлығының шектеулі болуы, қалыптасқан сөз тіркестері мен сөздерді дұрыс қолдана алмаушылық, кейбір мақал-мәтелдердің мәніне тереңдей бойламауы басым. Кейде бұрыннан айтылып жүрген әңгімелерді, ойлар мен сюжеттерді, идеялық көркемдік ұстанымдарды қайталап шиырлау — қазіргі әдебиетті жасауды кейінгі буын өкілдерінің ішінде жиі ұшырасады. Сондықтан да жастарға қамқорлықты бөріне емес, абайлап жасау керек, орынсыз көтермелеушілік, жойдасыз мақтангерлік, эмоцияның ырқымен кететін марапаттар басқа да салалармен бірге балалар әдебиетін де онша өсіре қоймайды.

Jas qazaq: Осы күнде өзіңіз одақта балалар әдебиеті кеңесіне төрағалық етесіз, қамқорлық қаншалықты бұл өріске?

Нұрдәулет Ақыш: Қазақстан Жазушылар одағы басқармасының жанындағы Балалар әдебиеті кеңесі өз жұмысын қарқынды жалғастырып келеді. Ен алдымен, кеңестің негізгі міндетін айтайын — жекелеген жаңа шығармаларды талқылау, қоғаммен байланысты үзіп алмау, реті келсе, нығайта түсу, әдебиеттің осынау маңызды саласына қадам басқан жастарға ақыл-кеңестер беру, сол үшін білім және мәдениет ошақтарында түрлі тақырыптағы кездесулер ұйымдастыру, балалар қаламгерлерін ынталандыратын жолдарды қарастыру. Сонымен бірге балалар қаламгерлерінің мүшелтойларын атап өту, тәуір деген туындыларды әдеби сыйлықтарға ұсыну сияқты шараларды атқару. Басын ашып күлбілтелемей айту керек, осы жұмыстардың барлығын кеңес мүшелері көк тиын алмастан, қоғамдық негізде атқарып келеді.

Республикалық Кітап палатасы 2020 жылды балалар әдебиетін өркендету мақсатында бөйге жариялауды қолға алып жүр. Өте құптарлық іс. Жеке кәсіпкерлер мен компаниялардың түрлі бөйгелер жариялауы жақсы дәстүрге айналды. Сол игі бастаманы одан арман кеңейте түссе, балалар әдебиетіне деген қалам тербеушілердің де шабытына, талантына тамшылау болар еді. Осы арада балалар әдебиетінің халықаралық байланысы жөнінде бір мысал айта кетуге болады. Қазақ балалар әдебиетін шетелге таныстыру мақсатында Қазақстан Жазушылар одағы Балалар әдебиеті кеңесінің қолдауымен жас қаламгер Зәуре Төреханова бастаған топ қазақ-мажар жобасын ұсынып отыр. Қаржыландырудың қиындығына қарамастан, қазір бұл бағыттағы жұмыс ақырын да болса алға жылжып келеді. Келешекте осындай ажқолтай бағыттағы басқа да жобалар жүзеге асырылса екен дейміз. Қазақ балалар әдебиетін ғаламтор мен электрондық құралдар арқылы насихаттау да күн тәртібінде тұр. Авторларға серпін беретін мұндай қамқорлықтың керек екендігі сөзсіз. Балалар әдебиетін дамытамыз, өрісін ұлғайтамыз десек, біз балаларға арналған кітаптарды таратуды жүйеге қою керек. Олан кейін Оқулық орталығы ұйымдастырып жатқан «Мектеп кітапханасы» сериялы кітаптарды шығару жұмыстарына қолдау көрсету қажет.



Балаларға арналған көркем әдебиет кітаптарын мемлекеттік деңгейде марапаттау. Қазақстан Республикасы мемлекеттік сыйлығы бұл сала бойынша соңғы рет кеңес дәуірінде Музафар Әлімбаевқа ғана беріліпті.

Мемлекеттік тапсырыспен шығару үшін балаларға арналған кітаптарға жеке-дара мемлекеттік сатып алу конкурсы жарияланса, дұрыс болар еді. Қазіргі таңда қазақ балалар әдебиетін дамыту мәселесі тоқырап қалған жоқ, түрлі қиындықтармен болса да, ілгері жылжуда. Бүгінгі балалар әдебиетін дамытуға қатысты Қазақстан Жазушылар одағының басқармасы мүмкіндігінше қолдау көрсетуде. Осындай қолдау мәдениет және спорт министрлігі тарапынан да көрсетілісе, балалар әдебиеті дамудың даңғыл жолына түсер еді.

Сұхбаттасқан
Қуаныш НҰРДАНБЕКҰЛЫ

ТІРШІЛІК

Өмірдің өзінен

Маған осы тақырыпты қозғауға түрткі болған оқиғаны айтайын. Бірде пластикалық хирургия орталығында жұмыс істейтін құрбыммен көздесіп қалдым. Ол мұнда хирургтің көмекшісі әрі мейірбике болып жұмыс істейді. Өлгі құрбым дәл сол күні жұмысынан ашуланып шығыпты. Өйткені өрнін үлкейтіп, бетіндегі әжімін кетіргісі келген 70-тен асқан әжейдің отасы сәтті болмапты. Әжей отадан кейін айнаға қарап, «Анжелина Жолиге неге ұқсатпадыңдар» деп айқайлап, орталықты басына көтеріпті. «Бөленбай ақшам зая кетті ме? Мен неге сұлу емеспін, а?!» деп дәрігерге тап-тап береді. Құрбым әжейді өзер дегенде сабасына түсіріпті. Палатасына жатқызып, «үһ» деп келе жатқан беті екен.

Осы оқиғадан кейін менің де пластикалық отаға деген қызығушылығым артты. Ота жасату үшін емес, әрине! Табиғат берген жаратылысына көңілі толмай, ажарының мінін түзеткісі келетіндерге қызметін ұсынатын мамандармен тілдескім келді. Сол үшін де алып шаһардағы аты дардай орталықтарға бас сұқтым.

Алматыда ғана емес, бүкіл елде Түркия, Ресей, Үндістан, Қытай елінен келген мамандарға сұраныс жоғары екен. «Бетіндегі ақау мен денесіндегі артық салмақпен күрескісі келетіндердің қатары көп», — дейді Түркиядан келген хирург Хакан Дюлгер.

Маманның айтуынша, медицинаның бұл саласына қазақстандық қоғам тарапынан түсінбеушілік, кате пікір, кереғар көзқарас көп. Бірақ соған қарамастан, бет-пішінін өзгерткісі келетіндердің қатары күннен-күнге көбейіп жатыр. Тек нәзік жандылар емес, пошмына көңілі толмайтын ер адамдар да пластикалық ота жасатады.

«Қазір Еуропа халқының қартайып бара жатқандығы баспасөз беттерінде жиі айтылады. Қазақстанға келмес бұрын Италиядағы эстетика орталығында біраз жыл жұмыс істедім. Бәлкім, ол жақта туу көрсеткіші азайғандықтан болар, құрлықта жасы ұлғайғандар саны балалардан көп. Бірақ соған қарамастан, олар түрін, дене бітімін «қартайтпаудың» қамын жасап, үнемі әлектеніп жүреді. Бірі керемет келбетін сақтап қалу үшін түрлі дәрі-дәрмекке тәуелді болуға әзір тұрса, енді бірі сұлулықтың кілтін хирургтің «пышағынан» іздейді. Біздің елімізде де пластикалық ота жасату

бұғандарды бұл да тоқтата алмайды. Сонда жасанды сұлулық үшін өмірмен қоштасуға дайын болғаны ма?

Хакан Дюлгердің айтуынша, пластикалық отаны еріккеннің ермегіне айналдыратын келіншектер де бар екен. «Біздің қызмет қомақты қаржыны талап ететіндіктен, қалтасы қалың келіншектер келетіні белгілі. Есімі құпия болсын, бір тұрақты келушім бар.

еуропалыкка өзгертіп беруді сұрайтындар да бар. Кейбірі бөксесінің майын сылып беруді сұраса, кейбірі керісінше, тым арық беліне шағым айтып жатады. Бірақ дәрігер мұндайда қанша



«АНЖЕЛИНА ЖОЛИ БОЛҒЫМ КЕЛЕДІ!»

Марфуға ӨТЕПОВА, дәрігер:

«Қазір менің жасым 40-тан асты. Осы уақытқа дейін ешқандай косметикалық өнімді қолданған емеспін. Тіпті бетті ылғалдандыратын крем де жағып көрмеппін. Табиғатың берген ажарына көңілім толады. Өз басым қасты қоюлатып, ерінді дүрдітуге қарсымын. Өйткені Алла Біздің әрқайсысымызды өз сұлулығымызбен жаратты. Сондықтан ер адам өзінің бет-әлпетіне көңілі толуы керек. Жалпы мен жасанды дүниеге қарсы адаммын. Бәлкім, менің ойыммен келіскісі келмейтіндер бар шығар. Бірақ мен ерқашан табиғи сұлулықты қолдаймын. Адам ешқашан өзінің болмысына, жаратылысына, дене бітіміндегі қандай да бір ақауға рәнжімеуі керек. Біз өзімізді қандаймыз, солай қабылдауымыз керек. Адамға түр-әлпетіне қарап, баға беретіндерді түсінбеймін, меніңше, адам бойындағы ең асыл қасиеттер оның болмысын аша түседі емес пе! Сондықтан қит өтсе, отаға жүгініп, өзінің табиғи болмысын өзгерткісі келетіндердің әрекетін түсінбеймін».



карқынды дамып келеді. Мұндағы тұрғындар да замана көшінен қалғысы келмейді. Әсіресе, ел алдында жүрген жұлдыздар көп келеді. Бірақ бізге келетін әйел адамдардың көбісі шетелдің әдемі әртістерінің суретін әкеліп, дәл сондай түр-әлпет жасап беруімізді өтінеді. Өкінішке қарай, ондай нәтиже бере алмайтынымызды айтып, тұтынушыға жан-жақты кеңес беруге тырысамыз. Қомақты ақша төлеп, керемет нәтиже күтетіндер бар. Ондай адамдармен ең алдымен орталықтың психологтары жұмыс істейді. Клиент барлық тәуекелге дайын болғанда ғана, екі жақты келісімге қол қойылғаннан кейін хирургиялық ота жасалады. Әсіресе, сүт безін үлкейтіп, мұрын мен қабақты түзеу, беттегі, көздің айналасындағы әжімдерді тарттыру сияқты операциялар қазір біздің қыз-келіншектер үшін таңсық емес», — дейді Х.Дюлгер.

«Негізі ота жасатуға кез келген адам келе бермейді. Мұндай отаға, біріншіден, әлеуметтік жағдайың, екіншіден, денсаулығың сәйкес келуі тиіс. Мысалы, диабетке және тері ауруына шалдыққандарға липосакция (*денедегі майды кетіру*) жасауға болмайды. Өйткені ағзада горманалды ауытқулар болуы мүмкін», — деп толықтырды хирург.

Отаға көңілі толмай, ренжитіндер жиі кездесетін болғандықтан, дау-дамай тумас үшін, ота алдында пациент пен хирург арасында екіжақты келісімшарт жасалады. Келісімшартта көрсетілген ережелерге келіспейтіндерге ота жасалмайды екен. 5000 отаның ілуде біреуі адам өлімімен аяқталатын көрінеді. Бірақ пластикалық ота жасатуға бел

Алғашқыда ол келіншек ерні мен мұрнына ота жасатты. Бірнеше айдан кейін «мұндай ерін мен мұрын ұнамай қалды, қайта бұрынғы қалпына келтіріп берініздер» делі. Дәл сол келіншек беліндегі майдан арылғысы келді. Отаны маған жасатқысы келді. Мен отаны көбіне адамның бет-жүзіне жасаймын. Өйткені отаның өзіндік ерекшеліктері бар. Барлығын бір хирург жасай береді деген кате пікір. Өкінішке қарай, әлгі келіншекке мұның мүмкін емес екенін әрең түсіндірдім», — дейді дәрігер.

Пластикалық хирургияның

қандай түрі болсын, мемлекет тарапынан кепілдендірілген ақысыз медициналық қызмет санатына жатпайды. Бәлкім, болашақта түрлі апаттан зардап шеккендерге немесе туа біткен кемістігі бар балаларға пластикалық операциялардың ақысыз болуына жағдай жасала жатар.

Эстетикалық хирургтің айтуынша, жасы 16-17-ге келген қыздар да көп келеді. Олар жалпақ мұрыннан қыр мұрын, қысық көзден бота көз жасап, ерінді үлбіретіп берсе екен деп армандайды. Тіпті азиялық түр-әлпетін

ақша берсе де, жас қыздың талап-тілегін орындамай, ата-анасын шақырып, мұрын да, көз де, ерін де өз орнында тұрғанын, жасы ұлғайғанда толысатынын айтып түсіндіріп жібереді. Ол жасы 45-50-ден асқанда ғана эстетикалық хирургияға жүгінгені дұрыс дейді. Оған дейін әйел адам қартаймаудың басқа

Дастан ЖАНБАТЫРОВ, мұғалім:

«Ең алдымен, қыз-келіншектер өзінің табиғи сұлулығына назар аударса екен деймін. Пышаққа түсіп, бетін әрлеп, мұрнын ұзартып, көзін үлкейтетіндерді түсінбеймін. Бәлкім, біз ер адам болған соң, басқаша ойлайтын шығармын. Мүмкін жасанды сұлулық біреулерге ұнайтын да болар. Өз басым табиғи жаратылысыңды бұзып, оны отаның көмегімен өзгертуге қарсымын. Шынын айтайын, қазір айналамыздағы қыз-келіншектердің көбісі шашын күйдіріп, ернін үлкейтіп, тіпті көздерін бадырайтып алады. Пластикалық отаға кірмейтін болса да айтайын: кірпiкті қайқытып, қасын иректеп алатын қыз-келіншектердің әрекеті бір түрлі күлкілі көрінеді. Байқағаным, бүгінде косметиканы қолданбайтын қыздардың қатары сиреп барады. Бәлкім, бұл кинодағы актрисаларға еліктеу де болар. Қазір қай арнаны қосып қалсаң да, бетіне бес тонна бояу жаққан көйпкерлер. Біздің қыз-келіншектер соларға ұқсағысы келетін шығар. Ал егер де оқыста бір апатқа ұшырап, бет-әлпетіне зақым келсе, ондай жағдайда ота жасатуға болады. Ал еріккеннен өлігіп жасаған отаға келіспеймін. Бәрібір адамның табиғи болмысынан сұлу ештеңе жоқ».

жолдарын іздеп, табиғат берген ажарына күтім жасауы керек. Сонымен қатар «хирург менің түрімді адам танымастай етіп өзгертіп жібереді, операциядан кейін ең сұлу адам болып шығамын» деп армандау да ақымактық.



Гүлнара ЕРТАЙ, журналист:

«Пластикалық отаны жас кезде қызығушылықпен немесе өліктеу үшін жасатса, қарсымын. Мысалы, экраннан қыр мұрынды қызды көріп алып соған өліктесе. Еуропалық қабақ жасату үшін өүреге түсудің не қажеті бар? Ал егер кейбір көліншекте 30-35 жастан кейін бет терісі бұзылса, қабағы салбырап кетсе, бетін әжім басса, неге пластикалық отаны жасамасқа. Себебі нәзік жанды болып жаратылғаннан кейін, қыз-келіншектердің сұлу болып көрінуін құптаймын. Өйткені әрбір әйел айналасына әдемі болып көрінгісі келеді деп ойлаймын. Одан бөлек, денсаулық жағдайына байланысты мұрны қысық, беті қысық жандардың отаның көмегімен олқылығын түзетуін де дұрыс деп санаймын. Қазір медицина дамыған, адамдардың да көзі ашық. Одан бөлек, мына нәрсені де ескерткім келеді. Қазір отыздан асқан қыз-келіншектерге хабарласып, неше түрлі қызықты жарнамамен арзан бағаға, яғни «бізде 50 пайыз жеңілдік болып жатыр» деген желеумен өз қызметін ұсынатын эстетикалық орталықтар қаптап кетті. Арзан дүниеге алданып, ертеңгі күні денсаулығыңызға зиян тигізіп алуыңыз мүмкін. Сондықтан қандай бір отаға бармас бұрын, орталық мамандарын әбден зерттеп барып, ол туралы айтылған пікірлерді жан-жақты саралап барып барғаныңыз жөн».

АЛМАТЫДА
ЕҢ КӨП
ЖАСАЛАТЫН ОТАЛАРДЫҢ
ОРТАША БАҒАСЫ:

**Омырауды тіктеу мен
сүт безін үлкейту –
500-800 МЫҢ ТЕҢГЕ**

**Денедегі майды сылу –
400 МЫҢ ТЕҢГЕ**

**Көз қабағын үлкейту –
350-750 МЫҢ ТЕҢГЕ**

**Аяқтың қисығын түзету –
600 мың теңге**

**Бет-әлпетін өзгерту –
900 МЫҢ ТЕҢГЕДЕН
жоғары**

Дәрігердің айтуынша, пластикалық хирургияның зандылығы бойынша адамды танымастай етіп өзгертіп жіберу — үлкен қате. Өйткені адамның пластикалық операция жасатқаны онша байқалмауы керек.

Әйелдердің сұлулықка келгенде киялы шексіз. Дәрігерге күйеуін қатты қызғанып, өзінің жас кезіндегі келбетін қайтаруды, сұлу болып көрінуді талап етіп келетін келіншектер көп. Семіздіктен хирургиялық жолмен құтылғысы келетін, керісінше, бөксесіне, жамбасына май жинау арқылы қондылау көрінгісі келетін әйелдер де, сүт безін өсіріп, омырауын үлкен етіп көрсеткісі келетін қыздар да баршылық. Соңғыларының талаптары көп жағдайда іске асып жатады. Хакан Дюлгердің ұзақ жылдық тәжірибесінде әйелдердің сүт безіне жасаған отасы сәтті шыққан кездері аз болмапты. Бірақ сәтті операциядан кейін разы болған әйел міндетті түрде денесінен, түр-әлпетінен тағы да «кемістік» тауып, хирургтің алдына қайта-қайта келеді екен.

«Біздің жұмысымыздың нәтижесі адамдарға жылдам әсер етеді. Бір рет оң нәтиже көрген әйел екінші, үшінші, төртінші рет те келе береді. Басқа дәрігерлерді қайдам, менің өз ісіме адал болу — басты ұстанымым. Бірақ хирург ретінде пластикалық отаның зиянды жағын да айтқым келеді. Ота белгілі бір уақытқа ғана жасалады. Бірнеше жылдан кейін түрлі факторлардың әсерінен ота жасалған дене мүшесі өзгеріске ұшырайды. Ол кезде бет терісі болсын, басқа дене мүшесі болсын, өзінің табиғи қалпын жоғалтпады. Сондықтан ат басындай алтын берсе де, пациенттің бет-әлпетіне, дене мүшелеріне негізсіз операция жасамаймын», — дейді дәрігер.

Бүгінгі заманда пластикалық ота ешкімді де таң қалдырмайды. Отадан бөлек, ерінді үлкейтетін, беттегі терең әжімді тегістейтін түрлі косметикалық өнімдердің де түр-түрі бар.

«Мінсіз сұлулыққа жүгінетіндердің көбі ел алдында жүрген өнер жұлдыздары мен



танымал әйел блогерлер», — дейді эстетикалық орталықтың бірінде мейірбике болып жұмыс істейтін Меруерт Әлібекқызы.

«Менің мейірбике болып жұмыс істегеніме екі жылдан асты. Осы уақыт аралығында өз жұмысымды қатты жақсы көріп кеттім. Өйткені мұндағы білікті мамандар кез келген отаны сапалы жасап, тұтынушылардың алғысына бөленіп жүр. Әрине, барлығы сәтті өте бермейді. Кейде отаға көңілі толмай бакырып-шақырып, «соттатамыз» деп үркітетіндері де бар. Тіпті таякка сүйеніп, әрең жүрсе де, шетелдік әртістердің ерніндей дүрліген ерінге тапсырыс беретіндер бар. «Менің кім екенімді білесің бе? Менің осында келіп, ота жасатқаным туралы бір ақпарат тараса, сендер жауап берсіндер» деп кокан-локқы көрсетіп кететін жұлдыз бикештерді көргенде жиіркеніп кетесің. Бірақ бұл қызметтік құпия болғандықтан атын атап, түсін түстеуге қакымыз жоқ. Тек экраннан жылтыр түрін көргенде, е, мынау әлгі ғой деп отырамын», — дейді.

Сөзді түйіндей келе, мінсіз сұлулық үшін пышаққа тасқан дұрыс па? Әлде табиғи бет-әлпетті қастаған дұрыс па? Оны әркім өзі шешеді.

Мақпал НОҒАЙБАЕВА

Естенік-эссе

Әрқайсысы еңгіме-дүкеннің әмісе көркіне айнала кететін әспетті кәсіпті иіріп игерген бірегей жандар көп. «Америка ашқандай» болмайын, менің бүгінгі жарияланымыма дейін де ол кісілердің кесіби болмысын көркемдеп кескіндеген әріптестерім баршылық.

Бір сөзбен айтқанда, әйгілі бұл азаматтардың ешқайсысы да БАҚ мергендерінің қырағы көзінен осы күнге дейін тасада қалған емес.

Осыдан жиырма жылдай бұрын бұл үш кейіпкерімді де жерсеріктік телеарна арқылы телеэфирге мен де шығарғанмын... Тіпті құсбегі туралы сюжетім сонда америкалық CNN (Си-Эн-Эн) телеарнасынан көрсетіліп, түсіру тобындағы әрқайсысымыз 100 АҚШ доллары көлемінде қаламақы да алғанбыз.

Айтпағым, журналистің жадынан өшпей жүретін әр кейіпкеріне қатысты қас-қағымдық сәттер, көзінде айтылғанмен жарияланбаған үзік сұхбат-сырлар әр кезде де табылады. Сондай «қоржында сақталған» төмендегі естелік-хикаяттардың бір парасына көңіл аударып көріңіздер...

АТБЕГІ ОҢЛАСЫН САТЫБАЛДЫҒЫЛЫНЫҢ 61-ШІ АВТОКӨЛІГІ

— Менің астымда жирен қасқа, жапонның мингені — қара қасқа! Екі қасқаның маңдайын желге төсеп, қатар шауып келеміз. Үшінші күн жолдамыз. Алдағы дамылдайтын жеріміз — Шымкенттің айналасы, жолбастаушы-төрешілердің өздері осында тоқтаймыз демесе, тоқтамай шаба береміз...

Оңласын ағамның, пай-пай, атбегілігі өз алдына, өңгімешілік өнерін айтсаңызшы! Ол кісі өңгімені асықпай шерткенде көз алдына бар көрініс бейне кинолентасындай төңкеріліп келіп, зырылдап өтіп жатады. Сондағы жапон шабандозымен «ымдасып» қана түсінісіп, ат үстінде қатарласып шапқандағы өңгімесін тыңдаудың өзі бір жанибет.

— Көршімнің арқасында аспан түстес әдемі дорба-рюкзәгі бар. Рюкзак емес, тура бір машина аркалап келе жатқан сияқты.

— Неге олай делініз, аға? — Үйбай-ау... бәрі де аттың шамасына байланысты жарыс қой, қатар шабамыз ба, алыстан одағайлап шабамыз ба, барар жеріміз, мәреміз бір. Сондықтан үзенгі түйістірмесек те көбінде жақындасып қатар жүреміз. Бәрін көзбен көріп келемін. Арқасындағы әлгі «машинаның» бір түймесін басып қалса, кішкентай есік-қақпақ ашылады, тоназытқыш-ау деймін, қолын сұғып жіберіп, салқын су алып ішеді. Бүтерброд сияқты қағазға оралған бірденесін алып жеп қояды. «Кемедегінің жаны бір» маған да ұсынды бір-екі рет. Бас шайкалдым. «Топкын» дегенім. Тіл білмейміз. Байқауымша, бір-бірімізге жымнып күлгеніміз ұқсайтын сияқты. Өйткені түрлеріміз де келіп тұр, өттен, тіл қысқа.

— Сіздің де нәр татуыңыз керек дегені шығар, — деймін мен.

— Мен бешпетімнің қалтасына құрт салып алғам. Анда-санда шөл қысса, шетінен сындырып, аузыма сап қоямын. Көзінің қиығымен байқап қалыпты. «Онын не?» дегендей таңданыс білдірді. «Құрт» деймін. Көрсеттім де. Бұл қазактың су да, тамағы да осы домалақ «ак тас» болды ғой деп танданған да шығар жапондық. Бірақ өз басым шын мәнінде, қалтамдағы бес-алты түйір құртпен-ақ тоқпын, шөлімді де басып келемін. Ең қызығы, күн ыстық, қалпағым басымда. Жайлы. Ал енді жапоным әлгіндей рюкзәгінің тағы бір түймесін басып қалса, телпегінің құнқағарына орнатылған кішкентай қалақша шыр айналып, желдеткіші «үілдеп» береді-ай. Ойырмай, десенші!...

Танырқаған шабандоз досына Оңласын аға дәмін көрсін деп сарымайға шыланып кептірілген бір құртын бөлмей-жармай бүтін берген де ғой. «Тас емес екеніне» көзі жеткен жапондық, жол үстінде «курт, курт...» деп бас бармағын шошайтып, ризашылығын білдірумен болыпты. Ат жалын тартып ұстаған кезден ер қанатының сынын да, сырын да жақсы біліп өскен Оңласын ағам емес пе, бұл жарыстың жеңімпазы өзі болатынына іштей тәубешілік жасап, төңірегіндегілерге тіс жармаған. Иә, иә... бұл шабандоз әрі атбегі Оңласын Сатыбалдыұлының қырғыздардың жалпақ дүниеге жар салып «Манастың 1000 жылдығына» орай өткізген аламан бәйгесіндегі бастан кешкен хикаяттары. Қырғыздар атты өздері тандап, жапондық шабандозды ерге үкілеп өздері отырғызған. Ашхабад шаһарынан басталған аламан бәйгенін қатысушысы екі шабандоз — қазақ пен жапон! Мәре сызығы — Бішкекте!

Атбегі ағам көрген жерде менін атымды атамай «Еркетайдың жолдасы» дейтіні бар-ды. Жан досым Еркетайдың немере ағасы. Жүз жыл жылқы баптаған алдамші «Дегерес» ауылында тұған. Ол кісімен қалам таныстырған да Ерекен еді. Інісінің де ағасына деген құрметі бөлек. «Жиырма жылдың ішінде Оңласын ағам ат бәйгесінен 60-қа жуық автокөлік ұтып алған» деген «майлы» мәліметті де осы Ерекеннің аузынан естігенмін. Мынау 1000 шақырымдық Ашхабад — Бішкек жарысында (*1995 жыл*) Оңласын аға сол алпыстың алғашқыларының бірі — сүттей аппақ «алтылық» «Жигулиді» ұтып алған... Неге бас бейге емес?! Ағамыз бас жүлдені жеңіп алуға бек сенімді еді ғой?! Ол былай... Шымкенттегі ат ауыстырып мінітін айлаққа жеткенде өз міндетін осы жерге дейін мінсіз орындаған жирен қасқа «КамАЗ»-ға тиеліп, Алматыға жөнелтіледі. Ал екінші көлікпен осында жеткізілген кезектегі көртөбел де бабында екен. «Алла қаласа...» деген Оңласын ағам киімін шешпей, көз шырымын алуға оң жамбасымен жантая кетеді.

— Қызыл інір түскен кез-ау деймін... «Аға, аға...» деген көмекшімнің жанұшырған даусынан шошып оянымд. Ат үстіндегі шоқалақтан шығар, буын-буынымның бәрі әбден әлсірген, денем дел-сал, көзімді қиналып әрен аштым. «Әне кетті, әне кетті...» деді айғайға басып. Кеш қалған

екенбіз. Мен шырт ұйқыға кеткем, көмекшімнің көзінің ілінгені де сол екен... қаранғыға сүңгіген екі жігіттің сұлбасын ғана байқап қалыпты. Кертөбел жүйрігім сол аяғын қайта-қайта сермеп орнынан тұра алмай жатты. Бейкүнә жануардың жамбасына ондырмай ине салып кетіпті. Көзіме жас тығылды, не істеймін?!

Қалтамнан үш құрт алып, жапонымның «машина-рюкзәгіне» салып бердім. «Манас — 1000 жыл» алааманының чемпионымен осылай қоштастым. Марыдан (*Түркіменстан*) бері шыққаннан «аксақал, бір гәп бар» деп қыр соңымнан қалмаған екі қырғыз жігітінің «келісімге келейік» дегені есімде. Менің жүйріктерімнің жайын жақсы біле қойған екен, бөтшағарлар, жарты жолда маған осылай аяусыз тосқауыл қойды. Көмекшіме айқайлап, бар ашуымды бастым, қырғыздар берген «Жигулимен» қанағаттандым, — деген атакты атбегінің жалымда қалған ең ақырғы әңгімесі осы екен.

...2021 жылы Талдықорғанда өткен аламан бәйгеден тиесілі жүлдесін (*61-ші автокөлік!*)

ЖҮЙРІК БАҚҚАН, БҮРКІТ САЛҒАН, ҚАСҚЫР АТҚАН

Атбегілік пен саятшылықта із қалдырған әйгілі үш азамат туралы үзік сыр

алып масаттанған атбегі ағамыз сол ұлы дүрмекте капияда жазым болып, аттан құлайды. Дүйім жұрт «Ағамыздан айрылдық» деп шу ете түседі. Алайда көп ұзамай көзін ашып, есін жиып, атып тұрған атбегі, ауырсынған соң ертесіне ауруханаға барады... ағайынны жиып, аманатын айтады. Бұл енді Еркетай досымнан естігенім.

Небары 17 жасында Алматы ипподромында (*1958 ж.*) иісі қазактың рухын көтеріп, аламан бәйгеден чемпион атанған, небары 25 жылда Қарлығаш, Елік, Шағала, Сүліккара, Сұңқар, Нарбота, Кербота, Көктай, Сарытай, Басбатыр, Жібек, Геркулес, Актанаяу, Дараторы, Ботакөз, Таскара, Беріккара сияқты сәйгүліктерін баптаған Сұңқар ауылының (*Жамбыл ауданы*) атакты атбегі саналы өмірінің Алатаудай асқар биігінде сол күні ақырғы демін алды...

ҚҰСБЕГІ ӘБІЛХАҚ ТҰРЛЫБЕКҰЛЫ ШЕЙХТЫҢ МАРАПАТЫНАН НЕГЕ ҚАШТЫ?!

Әбілхак ағамызбен таныстығымыз менің 2500 теңгеге бес жарым жасар түлкі сатып алуымнан басталған еді. 2000 жылдың ақпаны болатын...



Бұл сауда-саттық туралы автомобиль жүргізуші жігіттен естіген директорым сол күні кешкісін, «Қансонардан» оралған бетімізде америкалық кең пішімді күлкісімен езуін жимай жүріп, бухгалтер арқылы 2500 теңгемді... артығымен қайтартып берді, қызық-ай!...

Халық аузында қыран бүркітке қатысты: *Аспанға ұшсам, қанатым талады, Жерге қонсам, Жалайыр Шора алады* — деген сөз бар-ды. Алматы облысындағы атакты Жалайыр Шора атындағы құсбегілер қауымдастығының түлкіге бүркіт салғаны туралы қызықты сюжет түсіруіміз керек болды. Нұраның жазығында бз сюжет түсірсін деп түлкі жортып жүрмегені ақиқат? Құладар болғанымыз — әйгілі бүркітші Әбілхак Тұрлыбайұлы зообақтан ақсақ-токсақ, жасы жеткен ән біткенді сатып алып, қарауылдағы он-сан бүркітін қоректендіреді екен.

Қауымдастық басшысы, белгілі журналист Бағдат Мүптекекызы уәдесіне мұндай берік болар ма, біз жеткенде ат үстіндегі төрт бүркітшіні Нұраның иығындағы қарлы қыраттың биігіне шығарып, қырандарының көзінен томағасын алдырмай Алматыдан алып келген түлкімізді ойпаңға жіберуімзді күттіртіп, тұрғызып қойыпты! Қызықтың көкесін көрлік қой сол күні! Тізеден қар. Бейнекамерасын онтайлы жерге ұшаяқ тіреуге нықтап қойған операторым іске дайын. Жүргізуші екеуміз автокөліктен көтеріп алып келген тапшығымыздың аузын ашып, қаладан келген түлкіні бостандыққа жібердік. Жібергенімізді қайтейік, 280 шақырым жолда көліктің жүк салгызында, қаптын ішінде тұмшалынып жатқан түлкіміз айнала аппақ жарықтан басы айналып қалды ма, біз ойлағандай орнынан безе жөнелген жоқ. Түлкі қашуы керек, құсбегілер бүркіттің томағасын сыпыруы тиіс... «Ұф» дейміз, «фу» дейміз «қаш» дейміз, тіл алатын түлкі жоқ, тұрған орнынан тапжылар емес. Жүргізуші екеуміз кейін шегініп қашып кетуге әрекет жасалдық. «Қалатың түлкі» ізімізге түсіп, артымыздан ерді, қап-п...

«Итшілеп» жүріп әрен дегенде, әйтеуір, түлкі мен арамыз ашпақталды. Өзінің ата-тегі шыққан табиғаттың тылсымын иіскеп сезді ме, білмеймін, бір кезде тұмсығымен қар көбесін шұқылай сөгіп, қыратқа қарай ұмтыла бет алды да, кідірді. Бүркітшілер де тағатызылған әрен түр екен, қыран құстың бірінің томағасын сыпырды...

Құстың тілін білетін, құстың жанын түсінетін таңғажайып бұл кісіге сол күнгі «түлкі

саудасынан» кейін де әлденеше рет бардым. Әріптесім Бағдат Мүптекекызы Әбілхак ағамыздың құсбегілігі жөнінен мақтауын асыра жеткізген. Сол сол екен, сырласуға ынтықтым да қалдым. Бірақ құсбегінің барлығы осындай бола ма, әйтеуір, сөзге сараң, өңімеге бейілсіз жан екен. Мінезі де тұйықтау. Бір мәрте тіпті: «Өзің америкалық мекемде қызмет істейді екенсің, келуінді жиілеттің, інім, жәйша ма!?» деп сұрақты да төтесінен қойды...

Кейін... шешіліп сөйлей бастағанда ол кісіні мен бейне әдебиет сыншысы ма деп қала жаздағаным да бар-ды. Қазақ жазушыларының, аудармадағы әлем классиктерінің кітабын еміреніп оқыған жан осы кісілей-ақ болар! Айтқандарын, ой-болжамдарын ұйып тыңдай бересің, тыңдай бересің. Сүйсіндім. 60-ыншы жылғы «саяси жылымықтың» соңын ала Қытай-КСРО шекарасын кесіп өткені үшін, Жетіқараның түрмесінде жеті жылын өткізген... Сондай ауырtpпалық, сондай қиындықты басынан кешіргенімен, арғы атасынан тәбәрік күйінде

да музбалақтың тарбиған сүнгі-саусақтарының арасын ақ дәкемен асықпай танып отыр еді...

«АРЛАНДЫ АЛДЫМЕН АТСАҢ – АЖАЛ ҚҰШТЫМ ДЕЙ БЕР!..»

Аты-жөніне сырттай қанық болған, бір көруге құмар боп жүрген атакты алматылық аншы Петр Лисиніміздің кемпірі бір күні кешкісін үйге өзі телефон соқты.

— Қартымыз келді, гаражда мәшинесін ондап жатыр, түске дейін жетер болсандар, кездесіп қаларсындар...

Құстай ұштық.

Көзі түздай, тарамыстай тарылған аксары карт кісі ескі «Газ-69» виллис автомобилінің капотын ашып тастапты. Қолы қап-қара май, білегін ұстап сәлемдестік.

— Менімен сапарға бірге шығайық деп, тәуекел жасаған бірінші журналиссіңдер...

Бас-аяғымызды түк қалдырмай түгел шолып бір қарады, езуіне күлкі жиналғандай ма?!

Біз аншы Лисиннің мал қыстауларындағы шопандар арасындағы оның аңызға айналған, өз құлағымызбен естіген атак-абыройы туралы айта бастадық. 20 жылда 1370 қасқыр! Тіркелгені. Естіп жүрген мақтаулары шығар, Лисин селт ете қоймады. Нарынқол, Алакөл аймағынан оралыпты. Әдеттегідей тапсырыс орындапты. Ендігі бағыты — Бетпақдала.

— Өмірлерінде қасқыр көрген, бетпе-бет кездескен сәттерің бар ма?

Петр аншы сұрақты осылай төтесінен қойды. Операторым Николай Судаков «Хайуанаттар бағынан көргенмін» деді. Мен «Бір қыста «Нивамен» қасқыр қуғанбыз. Сонда көзіме көзі түскен еді...» дедім күмілжіп.

— Қалай екен... — Несі қалай екен? — Көзі қалай екен? — Өнменімнен өтті. Еш ұмытпаймын.

Хайуанаттар бағында олар адамға бұлай көз салмайды, — дедім.

Қарт аншы 1969 жылғы қыста қасқыр жайратқан жорығы үшін Қонаевтың өз қолымен сыйға тапсырған көлігінің май сүзгісін әлі де ұзақ тазалап, ауыстыратын түрі бар. Оның үстіне асықпайтын, сабырлы жан көрінді. Бірақ аз сөйлесе де өңгімені қызықты ғып шертеді екен. Аншы емес пе?!

— Қасқырды — айласын асырған адам ғана атып ала алады... — деген Лисин аншының өңгіме арасында сұрақ қойып отырғанды жаны жақсы көретін қасиеті барын байқалдық. — Шопандар арасында да құралайды көзге атқан мергендер бар. Қазақ аталары бөріні көбінде мылтықпен атпай, сойылмен ұрып алған ғой, естіген шығарсындар. Кең далада қасқырды атып та, сойылмен ұрып та алатын батырлар әлі де көп. Бірақ бәрі жұмыс басты ғой, олардың қасқырдың соңынан тұн қатып түсуге уақыттары да жоқ.

— Ал жарайды, үшеуміз Бетпақтың даласында жүрміз делік. Үйірдің жолынан 150-200 метрдей биік жердегі торанғылдың түбінде жасырынып жатырмыз. Қайсысың шылымшы едіңдер, бұл сапарда темекіні ұмытуға тура келеді. Таңғы сағат төрттер шамасында үйір қолүлігі соқпағына түсіп алып, жортады. Алдында күжірейген арланы, одан кейін қаншығы, қалғандары жемтігін жайратып жеуге жарап қалған күшіктері, бірақ күшік екенін асырата алмайсың, сүйекті, жонды келеді.



Қоля екеуіміз бейнекамераны жеті қасқырдың керуені жағына бағыттап «қойып» тым-тырыс болып, ары қарай не боларын аншының аузынан естімекке ынтыға түстік. Тағы да тосын сұрақ. — Мылтық оқтаулы. Дүрбі дәл. Ал бір ізбен тізіліп бара жатқан қорқаулардың қайсысынан бастайсың?

— Әрине, алдымен арланды жайратып саламыз, — дедім мен құлшынып.

Аволға шыланған тор сүзгіні жайпақ табақтың үстіне тастай салған Лисин:

— Онда шаруамыз бітті, балам! — деді. Түкке түсінсек бұйырмасын. Антарылып тұрып қалдық. — Өте әккі, айлакер, желкесінде көзі бар жыртқыш қой бұл қасқыр дегені. Арланды атқан сәтте оның соңынан ерген алтауы да бірден мылтықтың даусы шыққан жакқа бас-көзге қарамай ұмтылады. Сасқалақтап қалған біздер екінші рет шүріппені басып үлгергенше құстай ұшып келіп, жатқан жерімізде жайпап кетеді.

Ту сыртымыздан қасқырдың үйірі кеп қалғандай-ақ жүрегіміз «дір» етті.

— Ал керек болса, енді не істейміз... — Не істегені несі, жыртқыштарға тегін жем боламыз.

— Қандай жол бар?

— Аншылар үйірімен жортқан тағыларға көз салғанда күжірейген жонына қарап арланды атпайды, аншылар үйірлің ішінен ең алдымен қаншығын көздейді, бөрілердің енесін таңдайды. Қазақ даласында ертеден келе жатқан осындай тәсіл бар. Оқ тиген сәтте қаншық әдеттегідей аунап түседі. Міне, концерт сол кезде басталады. Арланнан бастап күллі үйір қаншықты шыр айналып, «жаны ашып», шапқылап, есі ауып қалады. Осы қарбаласты пайдаланған мерген тағы екі қорқауды омакастырып үлгереді. Қалған төртеуінің бізге қарай ұмтылуға дәті шыдамайды...

Қасқыр аулауға бір аттанса, айлап сапарға шығатын атакты аншы-қасқыр атушымен сапарға сол жолы бірге шыға алмадық. Бізге редакциядан берілетін іс-сапар күндері ары кетсе он күн, туу Бетпақтың даласын айлап торуылдайтын Лисин аншы он күннен соң «шаруасын» тастап, бізді қалаға тасып жүрмек пе?

...Атакты алматылық аншы Лисиннің гаражынан видеооператор серігім Судаков екеуміз осылайша «қасқыр атып, сюжет түсіріп» қайтқанымыз бар.

Талғат СҮЙІНБАЙ,

Алматы



Дзюдо күресінен ересектер арасындағы әлем чемпионаты

Өзбекстанның бас қаласы Ташкентте жалауын желбіретті. Бұл додаға өліміздің атынан қосылған ерлер мен қыздар құрамасына бір-бір қола медаль ғана бұйырды. Ерлер арасында әлем чемпионы, 2016 жылы өткен Рио жазғы олимпиадасының күміс, бытырғы Токио додасының қола жүлдегері Елдос Сметов қола медальді місе тұтты.



Екінші қола медальдің қадірі де, салмағы да зор. Олай болатыны, еліміз егемендігін алған 32 жылдың ішінде казак қыздары дзюдо күресінен әлем чемпионатының медалін олжалаған емес. Рас, кайбір жылы Монғолиядан мыңғыртып мал бермесек те, комақты қаржыға жалдап, Галбадрах Отгонцэцегті алдырдық. Отгонцэцег казак елінің атынан әлем чемпионатында екі мәрте қола медаль олжалады. Бұл жолғы жүлдені бізге казактың қарапайым қарлығаш қызы Әбиба Әбужақынова тарту етті. Рас, Әбибаның әлем чемпионы атануға, кем дегенде күміспен күптелуіне де мүмкіндігі мол еді. Жартылай финалда жапон қызы біздің арудың қолын қайырып, ауырту әдісімен ұтып кетті. «Ит қорыған жерге өш» деп, қас қылғанда жапон балуаны Әбибаның жеті ай бұрын сынған қолын бұрап жіберді емес пе. Біз Әбибамен байланысқа шығып, өзімен тілдестік.

Jas qazaq: Әбиба, ең алдымен жеңісін құтты болсын! Казактың арулары ала алмай келген әлем чемпионатының медалі сенің мойнында жарқырап тұр. Тарих жылнамасына есімің тұңғыш жүлдегер ретінде жазылады. Бекзада спорт түріне қалай қызықтың, кімнің жетелеуімен келдің дзюдоға?

Әбиба Әбужақынова: Жетістігімді бөлісіп, хабарласқаныңызға рахмет! Ташкенттен таксимен келген бетіміз

Әбиба ӘБУЖАҚЫНОВА:

Жеңісті күндер әлі алда!



осы еді, сізден қонырау түсті. Ерсокты болып жолдан шаршап та қалыппыз. Дзюдо спортына мені ешкім жетелеп «осы спортпен шұғылданасың» деп айтқан емес. 4-сыныпта анам гимнастика үйірмесіне жаздырды. Спортты осылай бастадым. Ал дзюдоға қасымдағы құрбыларым қатысамыз деген соң мен де барып көрейін деп солармен ілесіп күрес залына бардық. Бірте-бірте бұл спорт түрі өзінің сиқырымен тарта бастады.

Jas qazaq: Спорттағы жетістігіңді сұрамас бұрын, отбасың туралы, өскен ортан, шыққан жерің жайында айтып өтсең.

Әбиба Әбужақынова: Өзімді таныстыруды ұлтымнан бастайын. Өйткені, неге екенін білмеймін, сіздің әріптестеріңіз, журналистердің үнемі қоятын сауалы — ұлтыма қатысты. Әрине, мен оларға «казакпын» деп жауап беремін. Шымкентте өстім, отбасымызда үш қыз, бір ұл бар. Мен үшінші баламын, өзімнен кейін інім бар. Отбасымызда әкем де, анам да, тіпті бауырларым да спортқа мен секілді жақын емес.

Jas qazaq: Ташкентте жапон қызы ауырту әдісін қолданып ұтты, қандай да бір қателік жіберіп алдың ба?

Әбиба Әбужақынова: Дұрыс айтасыз, жапон қызы әдіс қолданғанда оңбай қателік жібердім. Ол да аңдып жүргендей менің сынған қолымды қайырып бұрап жіберді. Осы жылдың ақпан айында қолымды сындырып алып едім, әлі толық жазылған жоқ. 48 келі салмақта әлемдік рейтингтің көшін бастап тұрған француз қызын іріктеу кезеңінде ұтқаныма, өзімде сенім болды алтын медаль алуға, бірақ бұйырмай тұр екен, амал қанша.

Алда әлі ірі жарыстар бар. Келесі жылдың мамыр айында әлем чемпионаты Катар елінде өтеді, одан кейін жазғы Азия ойындары түнлігін



түреді, жанкүйерлерімді жарқын жеңісіммен қуантамын әлі.

Jas qazaq: Әңгіменізге рахмет. Жеңістен жеңіске жетуіңізге тілектеспіз!

Нұрдан КӨШЕК



Үгіт-насихаттық және ақпараттық баспа материалдарын JAS QAZAQ газетінде және www.jasqazaq.kz сайтында ұсыну тәртібі мен төлем мөлшері туралы мәліметтер

JAS QAZAQ газеті «Аманат Медиа» ЖШС-і және www.jasqazaq.kz сайтының меншік иесі.

JAS QAZAQ газеті — 2005 жылдан бері казак тілінде жарық көретін, ұлттық апталық.

Газеттің форматы — D2

Газет аптасына 1 рет, жұма күні шығады.

Газеттің бір бетіндегі жарнама көлемі — 1600 ш. см

Апталық тираж — 5000 данадан кем емес.

2022 жылғы 20 қарашада Қазақстан Республикасының Президент сайлауына қатысатын кандидаттарға сайлауалды үгіт-насихат материалдарын жариялауға арналған баспа беттерін JAS QAZAQ газетінде және www.jasqazaq.kz сайтында беру талаптары жайында хабарлайды.

ҮГІТ-НАСИХАТТЫҚ ЖӘНЕ АҚПАРАТТЫҚ БАСПА МАТЕРИАЛДАРЫН ҰСЫНУ ТӘРТІБІ

Үгіт-насихаттық баспа материалдары Газетке Қазақстан Республикасының «Сайлау туралы» Конституциялық Заңының 3-тармағының 28-бабында көзделген көлемде, Газеттің меншік иесімен басылымнан орын беру туралы келісімге қол қоюға өкілетті тұлғаның қолымен ұсынылады.

Үгіт-насихаттық және ақпараттық баспа материалдары Газетке модуль немесе мақала түрінде ұсынылады.

Үгіт-насихаттық және ақпараттық баспа материалдарын Газеттің беттерінде орналасуын Редакция өзі анықтайды.

Үгіт-насихаттық және ақпараттық баспа материалдары Газетке шығатын күнінен 3 (үш) жұмыс күн бұрын беріледі.

Егер Президенттікке кандидат сайлау алдындағы бағдарламасында Республиканың Конституциялық құрылысын күштеп өзгерту, оның тұтастығын бұзу, мемлекет қауіпсіздігіне нұқсан келтіру, әлеуметтік, нәсілдік, ұлттық, діни, тектік-топтық және рулық араздықты қоздыру, қатыгездік пен зорлық-зомбылыққа бас ұру, сондай-ақ заңдарда көзделмеген әскерилендірілген құрылымдар құру идеяларын уағыздайтын болса, газет үгіт-насихаттық және ақпараттық баспа материалдарын қабылдаудан бас тартуға құқылы.

ГАЗЕТІҢ БАСПА БЕТІНДЕГІ ОРЫННЫҢ ТӨЛЕМАҚЫСЫ МЕН ОНЫ ТӨЛЕУ ТӘРТІБІ

Үгіт-насихаттық және ақпараттық материалдар үшін басылым бетінен орын беру ақысы:

Дайын мақаланы немесе модульді ішкі бетке орналастыру 1 ш. см — 1000 теңге ҚҚС-сыз.

Дайын мақаланы немесе модульді 1-ші; 8-ші (бетке түрлі-түсті бет) орналастыру 1 ш. см — 1100 теңге ҚҚС-сыз.

Дайын мақаланы www.jasqazaq.kz сайтында орналастыру (кеңістікті есептегенде әрбір 2500 п.б. дейін 1 күннен кем емес) — 100 мың теңге ҚҚС-сыз.

Төлем Газет басылымнан орын беруі туралы тиісті келісімшартында көрсетілген банк реквизиттері бойынша немесе ұсынылған төлемшот негізінде алдын ала, төлемшот ұсынған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде төленуі тиіс.

Газеттің меншік иесі жазбаша өтініштерді 2022 жылғы 17 қазаннан 2022 жылдың 17 қарашасына дейін, осы күнді қоса санағанда, демалыс және мерекеден басқа күндері сағат 10.00-ден 16-00-ге дейін мына мекенжай бойынша қабылдайды: Алматы қаласы, Мәуленов көшесі, 85, 61-кеңсе; E-mail: jasqazaq2019@mail.ru

2022 ЖЫЛҒЫ 20 ҚАРАШАДА ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПРЕЗИДЕНТІНІҢ САЙЛАУЫ ӨТЕДІ

САЙЛАУШЫЛАР ТІЗІМІНДЕРІНЕ ЕНГІЗУ ТУРАЛЫ

✓ Сайлаушылар тізімдеріне Республиканың белсенді сайлау құқығы бар және тиісті сайлау учаскелерінің аумағында тіркелген азаматтар енгізіледі.

✓ Әрбір азамат тұрғылықты жеріне қарамастан тиісті жергілікті атқарушы органда сайлаушы ретінде тіркелуге құқылы.

✓ 2022 жылғы 20 қазанға дейін сайлаушы тұрғылықты жері бойынша учаске тізіміне енгізу үшін тиісті әкімдікке өтініш беруге құқылы.

✓ Тұрақты тіркеуі жоқ азаматтар орналасқан жері бойынша әкімдіктерге берілген жазбаша өтініш негізінде тізімдерге енгізіледі.

✓ Азамат сайлаушылардың бір ғана тізіміне ене алады.

✓ Сайлаушылар тізіміне енгізуді тексеру немесе тізімге енгізу үшін қайда жүгіну қажет екенін тиісті әкімдіктің сайты немесе Call-орталығы арқылы ақпарат ала алады.

✓ 2022 жылғы 4 қарашадан бастап азаматтарға белгілі бір учаскедегі сайлаушылар тізіміндегі өздері туралы деректерді тексеру мүмкіндігі беріледі.



20 НОЯБРЯ 2022 ГОДА ПРОЙДУТ ВЫБОРЫ ПРЕЗИДЕНТА РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

О ВКЛЮЧЕНИИ В СПИСКИ ИЗБИРАТЕЛЕЙ

✓ В списки избирателей включаются граждане Республики, обладающие активным избирательным правом и зарегистрированные по месту жительства на территории соответствующих избирательных участков.

✓ Каждый гражданин, независимо от места жительства, вправе зарегистрироваться в качестве избирателя в соответствующем местном исполнительном органе.

✓ С момента назначения выборов и не позднее чем за месяц до дня голосования – до 20 октября 2022 года, избиратель вправе подать заявление в соответствующий акимат для включения в список участка по месту своего пребывания.

✓ Граждане, не имеющие постоянной регистрации, включаются в списки на основании поданного письменного заявления в акиматы по месту их нахождения.

✓ Гражданин может быть включен только в один список избирателей.

✓ Проверить включение в список избирателей или узнать куда следует обратиться для включения в список, можно через сайт или Call-центр соответствующего акимата.

✓ С 4 ноября 2022 года гражданам будет предоставлена возможность проверить данные о себе в списке избирателей на конкретном участке.

Бас редактор — директор
Срайыл Махатұлы СМАЙЫЛ

Редакция алқасы:

Қуаныш НҰРДАНБЕКҰЛЫ жауапты хатшы

Ғалия ҚАЛИЕВА
компьютер орталығының жетекшісі

Тілшілер мен қызметкерлер:

Гүлнар АХМЕТОВА — экономика, нарық

Мақпал НОҒАЙБАЕВА — арнаулы тілші

Ернұр КЕНЖЕБАЙ — шолушы

Кәмшат ТӨЛЕШОВА — теріміші

Айдос ҚҰСАЙЫНҰЛЫ — web-caim

Аймақтағы меншікті тілшілер:

Мерген ТОҚСАНБАЙ—
Ақмола және Солтүстік Қазақстан
облыстары (8 701 312 39 34)

Қажет АНДАС — Алматы облысы
(8 747 706 13 82)

Нұргүл НАСЫР — Атырау облысы
(8 702 959 80 08)

Мөлдір КЕНЖЕБАЙ —
Шымкент қаласы (8 776 238 55 94)

Ұлдай САРИЕВА — Батыс Қазақстан облысы
(8 705 150 48 30)

Кезекші редактор
Мақпал НОҒАЙБАЕВА

Меншік иесі:

«Аманат Медиа» ЖШС

Директордың
орынбасары
Мейрамбек
ҚҰЛМҰХАМЕДОВ

Бас есепші
Расима
ӘКІМБЕКОВА

Редакцияның мекенжайы:

050012, Алматы қаласы, Мәуленов, 85 үй, №61 кеңсе, 3-қабат
(*Бөгенбай батыр көшесінің қиылысы*)

Телефондар: 8(727) 272-43-39; 272-43-25

Бухгалтерия: тел.факс: 8(727) 272-46-22 (жарнама бөлімі)

Газет «Дәуір» ЖШС РПИК (Алматы қаласы, Қалалық көшесі, 17-үй)
тел: (727) 273-12-04, 273-12-54. Тапсырыс — №1095;

Бағасы келісім бойынша

Таралымы — 5000 дана

Газет Қазақстанның барлық аймақтарында таралады,
сондай-ақ «AirAstana» әуежолының ұшақтарында бар.

Jas qazaq газеті «Қараан», «Хорошие новости плюс» және КОК TENGRI дүңсіріштерінде сатылады

Газет 2004 жылы 14 желтоқсанда тіркелген.

2021 жылдың 03 маусымында ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі
Ақпарат комитетінде қайта есепке тұрып, № KZ68VPY00036247 куәлігін алды.

Мақала авторының пікірі редакция қозқарасын білдірмейді.

Жарнама мәтініне тапсырыс беруші жауапты.

Газетте жарияланған материалдар мен суреттерді сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.